3 Аитов В. Ф. Проблемно-проектный подход к формированию иноязычной профессиональной компетентности студентов: на примере неязыковых факультетов педагогических вузов: дис. ... д-ра пед. Наук / Валерий Ф.А.: СПб., 2017. – 48с.

4 Айсмонтас Б.Б., Педагогическая психология: учебник для вузов/Б.Б.Айсмонтас. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 483 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-534-14692-9.

5 Айсмонтас Б. Б. Теория обучения: учебное пособие для вузов / Б.Б. Айсмонтас. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 141 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-534-14670-7.

Гурбанова А.А., Аппазов С.Т.
Tashenev University, Республика Казакстан, г.Шымкент

ИНОЯЗЫЧНАЯ КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ЦЕЛЬ ОБУЧЕНИЯИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Одной из главных целей обучения иностранному языку в условиях современного образовательного процесса является формирование и развитие у обучающихся иноязычной коммуникативной компетенции.

Ключевым понятием иноязычной коммуникативной компетенции является коммуникация.

Социальная функция коммуникации – это реализация коммуникационных процессов в обществе. Теория коммуникации чаще всего обращается именно к этому, последнему значению коммуникации, т. е. к социальной коммуникации как специфической форме взаимодействия людей по передаче информации от человека к человеку, осуществляющейся при помощи языка и других знаковых систем.

По мнению А. М. Олешковой, коммуникация является естественной средой обитания для языка, который используется в процессе коммуникации наряду с другими средствами общения [1].

Сущность коммуникации – это процесс передачи и переработки интеллектуального содержания, обмен информации на основе владения, как утверждает Н. Ф. Коряковцева, общим для участников кодом [2]. Характерно, что нарушение этого условия (общего кода) приводит к «дискоммуникации».

Вербальной коммуникацией мы называем словесную форму общения, языковой способ передачи информации. К вербальным средствам относится устная и письменная разновидности языка.

Жесты, мимика, поза, одежда, прическа, предметы вокруг нас являются компонентами, которыепредставляют определенный тип сообщения, называемый невербальным общением, и помогают рецепиенту получить оставшиеся 65% информации в процессе коммуникации, как утверждает Х. Б. Дзейтова [4].

В области обучения иностранному языку иноязычная коммуникативная компетенция рассматривается с разных точек зрения. Н. Д. Гальскова, Г. Е. Поторочина, В. Ф. Аитов, Т. М. Балыхина определяют иноязычную коммуникативную компетенцию как способность осуществлять коммуникацию на иностранном языке с учетом культурного контекста [3].

И. А. Зимняя и Н. А. Прошьянц рассматривают вышеуказанную компетенцию как совокупность определенных знаний, умений и навыков, позволяющих осуществлять коммуникацию на иностранном языке в соответствии с поставленной коммуникативной задачей и культурным контекстом [4].

Как видно из приведённых выше определений, иноязычная компетенция предполагает владение всеми четырьмя видами речевой деятельности (аудирование, чтение, письмо и говорение) с целью выражения мыслей на иностранном языке, реализующих определённую коммуникативную задачу, а также предполагает адекватное речевое поведение как реакцию на обращение собеседника. Вопрос о компонентном составе иноязычной коммуникативной компетенции является предметом научного спора многих исследователей [5]. Е. Н. Соловова включает в иноязычную коммуникативную компетенцию следующие компоненты: языковую (овладение знаниями о языке); речевую (умение осуществлять речевую деятельность); социолингвистическую (способность осуществлять выбор языковых форм и использовать их в связи с ситуацией); социокультурную (способность к опредению диалога культур); стратегическую; дискурсивную (навыки и умения организации речи) компетенции [6]. Н. Н. Сергеева выделяет в структуре иноязычной коммуникативной компетенции в качестве составляющих выделяет не отдельные компетенции, а определенные знания, умения, навыки и личностные качества: знания – лексикон, сочетаемость слов, грамматическое оформление, текстовые фреймы; умения порождения и понимания высказывания текста при иноязычном общении; ценностно-смысловое отношение как значимость условий и предмета высказывания и понимания сообщения, определяющая включенность человека в иноязычное общение; эмоционально-волевая регуляция речевой деятельности в соответствии с условиями общения на основе рефлексии; готовность включаться в иноязычное общение соответственно любой ситуации [7].

В состав языковой компетенции входят фонетико-фонологическая компетенция (знания о системе звуков изучаемого иностранного языка, артикуляционные, интонационные и перцептивные навыки и умения), грамматическая компетенция (способность и готовность понимать и грамотно использовать грамматические элементы и конструкции для осуществления межкультурной коммуникации в многообразных социально детерминированных контекстах), лексическая компетенция (способность анализировать структуру значения слова, интерпретировать контекстуальное значение слова, одновременно идентифицируя национальное в его значении). М. А. Дьяченко утверждает, что лексическая компетенция позволяетсравнивать объем значений в родном и изучаемом языках. Отдельно Н. Л. Рябенко выделяется лексико-грамматическая компетенция, которая включает в себя владение лексикой и грамматикой изучаемого А. Л. Бердичевский понимает лингвистическую компетенцию как «знание системы языка и правил её функционирования в иноязычной коммуникации, т.е. лингвистическая компетенция включает наличие языковых средств с определенным коммуникативным потенциалом, знание языковых средств и их функций, владение фоновыми механизмами речевой деятельности».

Литература:

1 Азимов Э. Г. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Э. Г. Азимов, А. Н. Щукин. – М.: Икар, 2019. – 448 с. – ISBN 978-5-7974-0207-7.

2 Азимов Э. Г. Словарь методических терминов: теория и практика преподавания языков / Э. Г. Азимов, А. Н. Щукин. – СПб.: Златоуст, 2019. – 471 с. – ISBN 5-86547-138-4.

3 Аитов В. Ф. Проблемно-проектный подход к формированию иноязычной профессиональной компетентности студентов: на примере неязыковых факультетов педагогических вузов: дис. ... д-ра пед. Наук / Валерий Ф.А.: СПб., 2017. – 48с.

4 Айсмонтас Б.Б., Педагогическая психология: учебник для вузов/Б.Б.Айсмонтас. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 483 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-534-14692-9.

5 Айсмонтас Б. Б. Теория обучения: учебное пособие для вузов / Б.Б. Айсмонтас. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 141 с. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-534-14670-7.

Ethno-, socio - and psycholinguistics

Ахантаева Ә.Ж - қауымдастырылған профессор,
Ахантаева Г.Ж - магистр
Қазақстан. Алматы. ҚазҰАЗУ

І. ЖАНСҮГІРОВ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ТҰЛҒА

Қазақ әдебиетінің классигі, ақын, жазушы, драматург, аудармашы, публицист Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл. І.Жансүгіровтың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы. Оның поэмалардың ішіндегі орны бөлек туындысы ол – «Күйші». «Күйші» поэмасы – І. Жансүгіровтің қазақ әдебиетіндегі орнын айқындауда айрықша мәні бар, шалқыған шабытпен және поэзиялық құдірет күшімен дүниеге келген теңдесі жоқ шығарма. Поэма құрылысы және идеясы, мазмұны жағынан классикалық поэмаға жатады. Поэманың негізгі идеясы – еркіндік пен құлдық, махаббат пен зұлымдық, өмір мен өлім, фәни тіршілік пен мәңгілік өнер арасындағы күрес.

Арқадан көшіп, Алатауға беттеген арманға айналған азаттықтың ақ таңын аңсаған қазақ халқы Абылайдың ұрпағы қазақтың соңғы ханы Кенесарыны қуана қарсы алады. Ұлан асыр той жасап, бие сояды, астына жүйрік ат мінгізіп, иығына шапан жабады. Осылайша байы мен бегі, биі мен даты, шешені мен майталманы, барлығы да хан Кенеге ерекше ілтипат танытады. Дегенмен ешбірі сыйлай алмаған қуанышты, рахат пен ләззатты қарадан шыққан, жұрт есімін ұмытып, «күйші» атап кеткен сарыүйсін жігіті тарту етеді. Оның тартқан алуан түрлі: зарлы, ащы, тәтті күйлері тас бұлақтың суындай лақылдатып, біресе тұла бойыңды шымырлатса, біресе асау толқындай жүректі жарады, біресе көңіліңді шымшып қоя береді. Осындай естіген жанды тылсым күштей баурайтын киелі

өнер иесіне, бармағынан бал тамған күйші жігітке Кене ханның қарындасы Қарашаштың көзі түседі. Күйшіге көңілі ауған ханша «күйшіні маған қиыңыз, ағажан» деп сұрап алып, өзінің ермегіне айналдырады. Ертелі-кеш күй тартқызып, жігітті бостандығынан айырады.

Шығармадағы негізгі кейіпкерлердің бірі – тарихи тұлға Кенесары Қасымұлы. Тарихта қазақ халқының азаттығы үшін жан алысып, жан беріскен тұлғаның кейбір біз біле бермейтін тұстарын осы поэмадан аңғаруға болады. Поэмада хан Кене жауыз, қара жүректі, менмен, қара халықты менсінбейтін, оларға тәкаппарлықпен қарайтын тұлға ретінде танылады, жағымсыз кейіпкер бейнесінде суреттеледі. Туындыдағы тағы да жағымсыз бейнедегі кейіпкер – хан Кененің қарындасы Қарашаш сұлу. Ол – сан түрлі қырынан танылған кейіпкер. Олай дейтін себебім, ақын Қарашашты тек ұнамсыз жағынан ғана емес, адамдық қасиеттерінің асылдығы жағынан да таныта білген. Ол - өзінің алған бетінен қайтпайтын, алдына қойған мақсатына қол жеткізе білетін, қанша ашуланса да, ызамен қатар ақылы бар жан. Домбырадан төгілген әсем күйдің үніне масайраған ханшаның жүрегін ғашықтық отының жалыны шарпып, буырқандырып күйдіреді, ішкі жандүниесінде алпауыт дауыл аласұрып, өзін қоярға жер таппайды. Бойын билеген күй құдіреті хан тұқымының бекзадасын есінен айырып, «қарадан шыққан өкілге жар болсам ба?» деген тұңғиық ойдың жетегіне батырады. Бірақ бұл – құлақтан кіріп, тұла бойыңды билеген тәтті күйдің мастығы, сиқырлы дыбыс үнінің өзіне қамаған сәттегі осалдығы еді. Олай болмаса, асыл тұқымды, көптің арманы болған асау сұлу қайдағы бір қарадан шыққан тексізге басын иер ма еді, сұлтандай сүйегін сындырып, таңба салар ма еді? Жоқ, әрине. Поэманың негізгі арқауы осы – Қарашаш пен Күйші жігіт арасындағы күйдің буына масаттанған сезімдердің алапат шарпысы.

Поэманың басты кейіпкері – бармағынан күйдің әсемдігі тамған Күйші жігіт. Жігіттің басында ханшаға оянған махаббат ұшқынын ақын келістіре толғай білген. Жалпы алғанда, жастық, махаббат, өзге жанға көңіліңнің алауыртып, ынтығуы – ерекше шабыт сыйлайтын рухани күш. Тұла бойыңа таусылмас күш-жігер береді, қанат бітіріп, көк бұлттан асып асуларға қарай жетелей жөнеледі. Қарашашқа ынтыққан, махаббаттың құрығына ілінген күйші жігіт өзі тартып жүрген бұрынғы тоқсан тоғыз түрлі күйін жадынан өшіргендей болып, сезімнің асау тұлпарына мінген күйі жүрегінен жаңа «махаббат күйі» деп аталатын туындысын төгеді. Жігіттің осы сәттегі күйін, домбырадан төккен

тоқсан тоғыз күйінің құдіретін адамның сезімдерімен ұштастырып, оқырман қауымға сезіндіре білуде ақын сөз бояуларын шебер қолдана білген.

Академик М.Қаратаевтың поэмаға берген бағасы: «Бұл байыбына барсақ, тек күй туралы емес, азаттық пен махаббат туралы, әлеуметтік қайшылықтар туралы жүрек қанымен жазған үздік поэзиялық толғау». Расында да, поэманы қай қырынан алып қарасаңызда, ешбір мінсіз жазылған асыл сөз екенін мойындайтыныңыз хақ.

Поэмада әділетсіздікті, зорлықты тізе бүктіретін ұлы күш, бостандыққа, азаттыққа жеткізетін құдірет - өнер деген идеяны ақын тамаша суреттер, поэтикалық көркем образдар арқылы терең толғап жеткізген, сонымен қатар онда ондаған күйлердің әлеуметтік мәні, тарихи негіздері, эстетикалық нысанасы ашылып, олардағы образдар, суреттер айқындалған. Соның бәрін ақынның қалай біле бергені таңдандырады. Және әрбір күйдің өзіндік сипаттарын ашық, бейнелеген кездегі басқа ешкім айтпаған, тек Ілияс қана қолданған, тапқан теңеу, образдар қаншама. «Қоғадай салбырасып, хан, қарасы, намазға ұйығандай отыр тыңдап», «домбыра айналаға, дүбір салды, адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай», «батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да – бәрі бір домбыраға мінгескендей», «жыланнан сырға салған жолбарыс қыз», «қалтырап, қырау тұрып жүрегіне», «ыңыранып белі кеткен жолбарыстай», «толғантып тоқсан түрлі қыз көңілің, жүректің жазы шығып, жаңбыр төкті», «Таратып тоқсан күйді жібердің деп» бір жақтан керең бір ой күңкіл қақты» т.б. Бұл теңдесі жоқ ғажайып поэмада: күй-өлеңге, өлең-күйге айналады. Ілиястың өзі ақын-сазгер мен сазгер-ақын болып кетеді. Күй мен өлең бір тілде сөйлейді. «Күйші» поэмасы - романтикалық сарында шалқыған шабытпен, поэзиялық құдіретті қуатпен жазылған, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ үздік туынды.

«Күйші» поэмасының қозғайтын негізгі мәселесі қазақ халық күйлерінің – күй өнерінің ғажайып сыр-сипатын, қоғам, адам өміріндегі ерекше рөлін көрсету десе де болғандай. Міне, осы бір халықтың рухани байлығын тіл өнерімен әсерлі толғаған ақын поэмасында сол құдіретті өнерді жасаушы авторын да үнемі есте ұстап отырады. Ақын ғасырлар бойы жасалған рухани байлық – күй өнерін жасаушы халық, халықтың дана дарыны деп дұрыс түсінеді де, сол халықтың нақтлы өкілі ретінде үйсін руынан шыққан күйші жігітті алады. Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының көркемдік сапасы аса жоғары. Сонымен қатар, идеялық мазмұны да терең. «Күйші» кезінде де, кейін де

идеялық қадір-қасиетімен жарқырап көзге түседі. Қазақ поэмаларының тарихындағы аса көрнекті туынды ретінде бүкіл жұршылыққа кеңінен танылған, оның халықтық шығарма – асыл рухани байлық екені хақ. Сондықтан «Күйші» поэмасы Ілияс талантының шарықтаған шағының тамаша туындысы.

Күй – халық тарихы, ұлт жады, ұлт мүддесі, рухани байлық, мирас болған құндылық. Ертеден-ақ ата-бабаларымыз екі ішектен төгілген күйдің құдіретіне бас иген. Ұрпақтан-ұрпаққа жібін үзбей, мирас етіп жалғап келеді. Ақынның қай туындысын алып қарасаңызда, өзіне тән сырлы бояуы, ерекше құдіреті, тереңнен астарлайтын мән-мағынасы бар, көсіліп әңгімелеуге, талдауға өзі-ақ сұранып тұрады. «Күйші» поэмасы - сол туындыларының арасындағы көркемдік мағынасы аса жоғары, құрылысы күрделі шығарма. Ол қашан да болмасын кеше де, бүгін де, тіпті келешекте де өзінің идеялық мазмұнымен, көркемдік ерекшелігімен жарқырап, бөлектеніп тұратын болады. Қазақтың тарих сахнасындағы көпшілікке кеңінен танылған екінің бірінің қаламынан туа бермейтін мұндай туындылардың ешқашан әдебиет саласында өзінің орнын жоймайтын, халық ұмытпайтын поэма екені кімге де болса белгілі. Поэма – Ілиястың бойындағы дарынының шарықтаған тұсы, ұлттық өнерді дәріптеген туындысы. Ол осы туындысы арқылы өзінен кейінгі ұрпаққа «Өнер – асыл қазына, рухани құндылық, адами байлық» екенін ұғындырғысы келді. Адамдардың бойына қанат бітіріп, көк аспанға қалықтататын да, асау тұлпарға айналдырып шапқызатын да, тау мен тасты қопаратындай алпауыт ерік-жігер беретін құдірет ол – өнер.

Кеңес үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған уақыттары, елім деген азаматтар халық жауы деп танылып, жазықсыз өлім жазасына кесіліп отырған. Ілияс Жансүгіровте зұлмат саясаттың құрбаны. Тарихты қолдан жасағанымен, ақиқаттан аттау мүмкін емес. Өз алдына Тәуелсіз ел болған Қазақстан, арыстарын ақтап, өскелең ұрпаққа үлгі етуде. *Ұлылардың шығармаларын насихаттап,* ұлықтау, бүгінгі ұрпақтың парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы, Алматы, 2006 ж,
2. Иманғазинов М. Жан қайығын жарға ұрдым. Алматы, 1994ж.
3. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. А., Ғылым. 1995 ж.
4. Ғабитова Ф. Өртеңде өнген гүл – Алматы: Атамұра, 1998ж.
5. Азамат ақын. //Құрастырушы: С.Дәуітов. Алматы: Жазушы, 2004ж.

GEOGRAPHY AND GEOLOGY

Environmental management and environmental monitoring

Жарасбаева Д., Акпамбетова К.М.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

МЕКТЕП ӨЛКЕТАНУЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Өлкетану ұғымы М.В.Ломоносовтың кезінде пайда болып еліміздің тарихымен бірге ұзақ даму жолын жүріп өтті, соның негізінде оның өміршеңдігі қоғамымыз бен халыққа қажеттілігі дәлелденді.

Өлкетанудың негізіне, тәлім–тәрбиелік мәніне, білімдік мазмұнына Қорқыт-ата, М. Қашқари, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, А. Иассауи, А. Науаи және т.б ғұламалардың еңбектерінде ерекше мән берілсе, қазақ даласының төл перзенттері, ақын-жазушылар А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов шығармаларында өлкетану мәселесі кеңінен қарастырылады. Өз өлкесін тану идеясы мен педагогикалық процесте өлкетану материалдарын қолдану, ұлы ағартушылар Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, К. Д. Ушинский, А. Я. Герд және басқалардың еңбектерінде негізі қалыптасқан болатын.

Өлкетану ғылымының негізін салушы К. Д. Ушинский оның туған тілге және адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызын көрсетіп, жергілікті өлкені танудың педагогикалық мәнін айқындады. Ғылымның бұл саласын К. Д. Ушинский «Отантану» деп анықтама берді. К. Д. Ушинскийдің идеялары мен көзқарастары XIX ғасырдың II-і жартысында педагог-әдіскерлердің А. Я. Гердтің (ең алғаш практикаға экскурсияны оқыту әдісі ретінде кіргізді), В. П. Вехтеревтің (балаларды табиғатта белсенді оқытуға шақырып, олардың өзіндік ғылыми іс-әрекеттерін қалыптастыруды), Л. С. Севруктің (табиғат туралы ұғымның біртұтастығын негіздеп енгізген) еңбектерінде жалғасын тапты.

Өлкетану ғылымының дамуына көптеген педагог-ғалымдар П. П. Блонский, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, А. П. Пинкевич, С. Т. Щацкий өз үлестерін қосты, олардың еңбектері барлық даму кезеңдерінде тәрбиелік және білім беруде үлкен маңызы болды.

Қазіргі кезде педагогикалық өлкетанудың әртүрлі жақтарына арналған ғылыми жұмыстар бар. Өлкетануды оқу-тәрбие процесінде қолдану мәселесін, әртүрлі жылдарда бірқатар Бескоровайный И. И., Иванов П. В., Коцюба Д. В. және т.б. ғалымдардың назарын аударды. Коцюба Д. В. мен Дихтерев В. өлкетануды оқушылар ұжымын тәрбиелеудің құралы ретінде қарастырса, Атутов П. Р., Скаткин М. Н., Иванович К. А. және т.б. өлкетануды оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мақсатында қарастырған.

Қазақстанда мектеп өлкетануында талдау алғаш рет географ-әдіскерлер: Н. Сарабеков, М. Жұмабаев, В. П. Беспалько, В. В. Давыдов, Ұ. Есназарова және тағы басқа ғалымдардың қатысуымен жасалған. Өлкетану мәліметтерін өмірмен байланыстыра оқу мақсатында, пайдаланудың элементтеріне жасалған анализ М. Н. Скаткин, В. А. Сухомлинский, А. А. Шибанов, Е. В. Щукин, И. М. Верзилин, С. А. Киватов еңбектерінде көрінеді. Оқушыларды тәрбиелеу барысында өлкетануды мақсатты түрде пайдалану жайлы мәселелер Н. Б. Рубанцов, Т. Е. Сафуллин, А. А. Меджидов, И. И. Бескоровайный еңбектерінде кездеседі. Оларда мектеп өлкетануын оқушылардың жан-жақты дамуы үшін, өлкетану мәліметтерін оқу үрдісінде пайдалану үшін тәжірбиелерді жалпы түрде біріктірді. Осынын ішінде құндылығы жағынан көзге түскен Д. В. Каюбтын еңбегі. Онын зерттеу жұмысында тарих сабағын оқыту үшін өлкетану мәліметтерін қодану мен мектеп мұражайын жасау үшін мәліметтерін жинақтап әдістемесіне талдау жасаған және тарихи өлкетану саласына болашақ ұстаздар дайындау жолдарынын жобасын жасаған.

Өлкетанушы-әдіскерлер ретінде Б. Б. Мұқанов, Г. М. Рукавишников, О. О. Рутьковскийді атап өтуге болады. Олардын зерттеуі бойынша жарық көрген әдістемелік көмекші құралы «Мектепте туған өлкені оқып үйрену» деп аталады.

Ол өлкетану жұмысынын жан-жақты аспектілерін оқу-тәрбие жұмысындағы маңызын ашып көрсетеді. Еңбекте мектеп өлкетануынын даму жолдары, мектеп пәндерін оқуда сыныптан тыс жұмыстар жүргізу мен туристік өлкетану саяхатын жасауды ұйымдастыру жолдарының жобасы берілген. Н. Сарыбеков 60 жылдардан бері қоршаған ортаны қорғау проблемаларын зерттеумен шұғылданады. Оның еңбектерінде оқушыларға экологиялық тәрбие берудің әдістемелік ұсыныстары бар.

Мектеп өлкетануы және туризм күрделі педагогикалық құбылыс, оны бір жақты шешу еш мүмкін емес, мектеп өлкетануы көп жақты:

- Өлкетану және туризм мәліметі- оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы маңызды компоненті болып саналады;

- Оқушылармен жұмыс істеу үшін мәлімет мазмұнын таңдауда өлкетану принцип функциясын атқарады;

- Оқушыларды туған өлкесін оқып үйренуге жұмылдырғанда туған өлке жайында әдістер комплексін пайдалану керек. Ол құжаттар жинау, интерент, сұхбат алу, тарихи оқиғаларға қатысушылармен әңгіме;

- Оқушылардың жұмысының кең көлемде қанат жаюына жағдай жасап ұйымдастыруды формалау керек;

- Өлкетану жұмысынын жемісті болуын қадағалау.

Мектеп өлкетануынын функциясын педагогикалық құбылыс ретінде мазмұны міне осындай. Онда ғылыми ізденістердің теоретикалық позициялары бар. Ол мектеп өлкетануының қол жеткізген табыстарының дамуының көрсеткіші сияқты. В. П. Шемякин туристік саяхаттардың оқушыларды экономикаға тәрбиелеудегі маңызын жоғары бағалады. Мектеп өлкетануымен туризм оқушыларға экономикалық түсінік, қабілеттілік пен іскерлік тудырады. Олар да осыдан келіп жеке бастың моральды экономикалық қасиеттері қоғамдықжетістіктерді сақтау мен көбейтуге мүмкіндік береді. Туризм мен өлкетану оқушыларда қызығушылық тудырады.

Қазақстанда өлкетану білімінің негізін салғандардың бірі – Шоқан Уәлиханов болды. Ол адамды табиғаттың туындысы деп ұғынып, орман мен тоғайды, өзен мен көлді, далалы және таулы жерлердің тіршілік үшін қажеттігін, біртұтастығын байқаған. Ш.Уәлиханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын жете зерттеп, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін суреттеген [1].

Қазақстандағы өлкетанудың пайда болуы – XVII ғасыр. Өлкетану XVIII ғасырда әсіресе кең құлаш жайған. Географияның гүлденген уақыты деп аталады. Өлкетану зерттеулерінің нәтижесі жергілікті әкімшілік құжаттарында, губернатор «Есебінде», губернияның «Топографиялық жазбаларында», Бас жер өлшеушілер материалдарында көрініс берді. Өлкетанулық еркін зерттеулерді: экономикалық, археологиялық, географиялық, жаратылыстану қызығушылары, антропология және этнография қоғамдары, губерниялық архив комиссиясы, земстволар көп университеттер, ғылыми қоғамдардың бөлімшелері мен филиалдары жүргізді.

Қазақстанда өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері:

1-кезең. Революциядан бұрыңғы кезең. Патшалық Ресейдің қиыр алыс түкпірлерінде өлкетану үйірмелері, қоғамы, мұражайлары пайда болды. Олардың жергілікті мәдениет саласы халық тұрмысын жазып, жинау зерттеуде елеулі табыстарға жетті. Осы кезеңде орыс саяхатшылары мен тарихшылары қазақ халқының тарихын зерттеуге зор үлес қосты. XVI ғасырдың ортасында Ресейде кітап басып шығару пайда болуына байланысты, тарихи мәліметтер, саяси-экономикалық, адамдардың рухани өмірі туралы кітаптар күрт көбейді. XVIII ғасыр бойында қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық материалдар молайған үстіне молая түсті.

Орыс және Орта Азиялық елшіліктер өз кезектерінде қазақтар көшіне соғып, Ресейге қазақ халқының өмірі туралы мәліметтер жеткізіп тұрды. Бұл ең алдынмен сауда жүргізу қауіпсіздігіне қажет болды. Ресейде 17 ғасырдың басында «Үлкен сызба» деп аталған мемлекеттік картаның тұңғыш жазбаша

сипаттамысы «Үлкен сызба кітабы» (1627 ж.) жарық көрді. Кітаптың Қазақстанға қатысты деректері Есіл мен Сарысу өзендерінің, Ұлытау мен Қаратау аралығындағы аумақтың 50-ге жуық географиялық атауларды қамтиды. Сырдария, Жайық, Жем, Ырғыз, Торғай, Жыланшық, Сағыз, Темір, Бұлдырты және тағы басқа өзендер мен басты көлдер аталған. Ұлытау, Қаратау, Мұғалжар тауларының, Нарын, Арал маңы құмдарының орны көрсетілген. Индер көлі мен Елек өзенінің бойында тұзөндірілетіні, Ұлытауды қалайы, Жыланшық өзенінің бойында табиғи бояу кездесетіндігі баяндалған [2].

XVIII ғасырдың 30-жылдарында кіші жүздің Ресей мемлекетінің кол астына кіруінен бастап қазақ жерінің географиялық зерттелуінде жаңа кезең басталады. XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың екінші жартысында этнографиялық зерттеулердің дамуы, Орыс географиялық қоғамының (1845-1861 жж) құрылуымен байланысты. Оның Орынбор бөлімшесінің мүшелері болып: Т. Сейдалин, Н. М. Бекчурин, О. Г. Игнатьев, И. А. Киреевский, А.И. Оводов, Я. Н. Плотников, А. А. Тилло, кейінірек Ы. Алтынсарин, Б. Дауылбаев, С. Жанториндер кірді. 1870 жылы баспа органының бөлімі өзінің «Жазбаларды» жарыққа шығарды. Бірақ, ол төрт шығармашылығынан соң өзінің өмір сүруін тоқтатты (1870, 1872, 1875, 1881). Онда Ы. Алтынсарин, Б. Дауылбаев, С. Жанторин, В. Плотников, Т. Сейдалиннің этнографиялық еңбектері жарияланды. Батыс-Сібір, Жетысұлық, Түркістандық қазақтардың үй кәсібі мен қолөнерін этнографиялық тұрғыдан зерттеп суреттеген П. Медведский, А.Н Тетеревниковтің еңбектері үлкен қызығушылық тудырады.

Таланты орыс географы және картографы Я. В. Ханыков (1818-1862), өмірінің он бес жылын қазақ даласы мен Орта Азияның географиясын зерттеуге арнаған. Ол 1839 жылы қазақ халқы туралы статистикалық және этнографиялық мәліметтерді қолданып, «Орынбор өлкесін географиялық шолу» атты тұңғыш ғылыми еңбегін жазды. Сонымен қатар, Я. В. Ханыков «Хиуа хандығы мен Арал теңізінің картасын» (1851 ж.) және «Кіші Ішкі орда қырғыздарының жерлері картасын» (1845 ж.) жасады. «Хиуа хандығы мен Арал теңізінің картасына» орыс

саяхатшыларының ерте кезден бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі Арал теңізі туралы тарихи мәліметтері бойынша күрделі «Түсініктеме жазуларын» жазды. 1848-1849 жылдары А. И. Бутаковтың (1816-1869) экспедициясы Арал теңізін қағазға түсірді және Арал туралы қызықты мәліметтер жинады. А. И. Бутаков Арал теңізін суреттеп, теңіз маңын табиғи-географиялық тұрғыда зерттеді және Аралдың дәл картасын жасады. Арал теңізінде пароход шаруашылығын дамытуға болатындығын негіздеді (1852), Сырдария мен Әмудария өзендерінің навигациялық-гидрографиялық суреттемесін жасады (1853-1863).

1850-1860 жылдары Орынбор өлкесінде қазақ этнографы М. С. Бабажанов еңбек етті. Бабажановтың «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі қазақ Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық» деп аталатын мақалалары мен зерттеу еңбектері мән-маңызы өте жоғары еңбектер болып табылады. Әсіресе, мұндағы жылқы, қымыз жөніндегі жазбалары күні бүгінге дейін құны жоғалмайтын дүниелер. Нарын құмынан табылған әйел мүсініндегі балбал тас үшін ол күміс медальға ие болды. «Заметки киргиза о киргизах» («Қазақтың қазақтар туралы жазбалары») 1861 жылы Санкт-Петерборда басылған. Сонымен бірге ғалымның батыс қазақ жерінің кен байлығы, географиялық ерекшеліктері, топономика, этнография, тарих саласындағы еңбектері де бар [3].

2-кезең. Кеңес өлкетануының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы кезеңі 1917 жылдан 1990 жылдардың аралығын қамтиды. Кеңес дәуірінде өлкетану ғылыми-мәдени қозғалыс ретінде кең тарады және нығайды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отау шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін

ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан өлкетануында Қ. И. Сәтбаев, Ә. Х. Марғұлан т.б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік-жануарлар әлемін, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар, жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды.

Қорытынды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жакупов А.А. Павлодар облысының географиясы.Оқулық. Алматы: «Adal kitap» баспасы, 2022. – 100 б

2. Мазбаев О.Б. Қазақстан Республикасы туризмнің аумақтық дамуының географиялық негіздері: географ. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 38 б.

3. Жакупов А.А. Павлодар облысының аумақтық рекреациялық жүйесінің табиғи-ресурстық әлеуеті: монография. Алматы: «Adal kitap» баспасы, 2022. - 236 б

HISTORY

General history

Садыкова Айжан Абдихалыковна
А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектеп

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЭССЕ ЖАЗУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Эссе дегеніміз (фр. тіл. essai -тәжірбие, лат.т. exagium – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Эссе жазу кезеңдері:

Проблеманы анықтау -ойлану–жоспарлау –жазу–тексеру

ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:

• Жеке көзқарастың көрінісі;
• Фактілі дәлелдер (аргументтер);
• Теоретикалық негіздеме;
• Терминдерді қолдану;
• Цитаталарды келтіру;
• Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
• Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
• Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
• Сауаттылық (пункт., орфогр.);
• Юмор, сарказм;
• Ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Эссенің жазылу құрылымы:

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;

2. Тақырыпты дамыту: Тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, фактілер, идея, ақпараттар, паралелдеу, аналогия, ассоцация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация).

1. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер.

2. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер;

3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтеріңіздің логикалық қорытындысы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

Бұл – эссенің негізгі құрылымы. Эссе құрылымының бөліктері бір-бірінен ажырамайтын, спираль іспеттес болады. Сөз оралымдары, яғни абзацтан абзацқа өтуші сөйлемдер, шылаулар, қаратпа сөздер эссе құрылымын байланыстырады. Шылаулар абзацтарда айтылатын пікір мағынасына қарай қолданылады. Қаратпа сөздер эссе жазушының ойына байланысты қойылады.

Эссе жазу адамды үздіксіз оқуға итермелейді. Идея айтып, пікір білдіргенмен, аргументтермен бекіте алмау – аяқталмаған эссе. Толық эссе жазылу үшін қоғамда болып жатқан жаңалықтар, әртүрлі саладағы өзгірістер, тың ойлар, оқиғалар, жаһандық мәселелер назардан тыс қалмау керек. Нашар аргументтен нашар эссе жазылады. Эссе – білім алушыны үздіксіз оқуға жетелейтін жазба жұмыс түрі.

Енді эссе құрылысын және әрбір бөлімінде не жазылу керек екенін анықтап алайық:

1. Кіріспе.Мұнда 3-4 сөйлем жеткілікті. Бірінші сөйлемде оқырмандарды қызықтыру керек. Ол үшін сіздің эссе тақырыбыңыз өзекті екенін дәлелдейтін мәлімет жазылу керек. Тағы да еске түсіріп кетейік, плагиатты болдыртпас үшін ресурты көрсету керек. Эсседе берілген мәселені толық 100 пайыз қарастыру дұрыс болып саналмайды. Сондықтан да екінші сөйлемде жалпы айтып кеткен мәселенің ішінде негізгі тоқталатын 2/3 (эссе түріне байланысты, сондықтан бұл туралы келесі мақалаларда жазатын болам) қырды/ аспектіні таңдағаныңызды көрсету керексіз. Үшінші сөйлемде эссеге осы қырларды/аспектілерді таңдаудағы мақсатты көрсету керексіз. Бұл салыстыру, талдау жасау, шешімдерді ұсыну болуы мүмкін және мақсат эссе түріне байланысты. 2. Негізгі бөлім3 абзацтан тұрады. Әрбір абзац кіріспе бөлімінде көрсетіп кеткен мақсатқа

сәйкес болу керек. Яғни, егер сіз аспектілерге талдау жасауды мақсат етсеңіз, әрбір абзацта талдау жасау керексіз. Ал әрбір абзац 5/7 сөйлемнен құралғаны жөн. Бұнда да кіріспеде қолданылған принцип жүреду. Мәселен, 1 және 2-сөйлемдерде мәселенің белгілі аспектісі туралы мәлімет беріледі. Ал 3 пен 4-сөйлемдерде осы мәліметтер бойынша сіздің ойыңыз. 5-сөйлемде жалпы жасалынған ойыңызды 1 сөйлеммен қорытындылау керек.

3. Қорытынды жазуда абай болу керек. Себебі, эссенің бұл бөлімінде сіздер жаңа мәлімет қоса алмайсыздар. Алайда, эссенің оңай бөлімі де бола алады, егер сіздер негізгі бөлімнің әрбір абзацында қорытынды 1 сөйлем жазған болсаңыз. Сол жазылған 3 қорытынды сөйлемді өзгертіп басқа сөздермен жазу керексіз. Содан кейін 3 қорытынды сөйлемді жалпылап 1 сөйлем жазылуы тиіс.

Эссе жазу процесі оқушыларға өте пайдалы, өйткені ол оқушыларға ойларды анық және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, негізгі ұғымдарды қолдануға, себеп-салдар байланыстарын көрсетуге, тәжірибені сәйкес мысалдармен көрсетуге және өз қорытындыларын негіздеуге үйренуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ә.Қ. Сейтова, Б.А. Әбілдаев. "Эссе жазудың әдістемесі". Алматы: Білім, 2018.
2. Г.Ж. Жұмабаева. "Жазу өнері: Эссе жазудың қыр-сыры". Астана: Фолиант, 2017.
3. М.К. Бекмұхамбетов, Л.М. Құрманбаева. "Қазақ тілінде эссе жазудың әдістері". Алматы: Мектеп, 2016.

Ауелова Роза Бахытовна
FinBridge International School

ЭССЕ ЖАЗУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

«Эссе» сөзі қазақ тіліне француз тілінен енген және тарихи түрде латынның exagium (құрау) сөзінен шыққан. Француз тіліндегі ézai сөзін тәжірибе, сынау, әрекет, эскиз деген сөздермен сөзбе-сөз аударуға болады.

Эссе - бұл белгілі бір жағдайда немесе мәселе бойынша жеке әсерлер мен ойларды білдіретін және тақырыпты түпкілікті немесе толық түсіндіру деп мәлімдемейтін шағын көлемді және еркін композициядағы прозалық шығарма.

Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Қолданылуына қарай: әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде талап етіледі. Жазылу көлемі: 250 – 500 сөз, 1-2 беттен 20 бетке дейін.

Эссенің кейбір ерекшеліктері:

белгілі бір тақырыптың немесе сұрақтың болуы. Кең ауқымды мәселелерді талдауға арналған жұмыс, анықтамасы бойынша, эссе жанрында жазылмайды.

эссе белгілі бір жағдайға немесе мәселеге қатысты жеке әсерлер мен ойларды білдіреді және тақырыпты түпкілікті немесе толық түсіндіру болып көрінбейді.

Әдетте, эссе бір нәрсе туралы жаңа, субъективті боялған сөзді қамтиды, мұндай шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе таза фантастикалық сипатта болуы мүмкін.

эссе мазмұнында ең алдымен автордың тұлғасы – оның дүниетанымы, ойы мен сезімі бағаланады.

Эссе құрылымы оған қойылатын талаптармен анықталады:

очерк авторының мәселе бойынша ойлары қысқаша тезис түрінде беріледі (Т).

идея дәлелдемелермен бекітілуі керек - сондықтан тезис аргументтермен жалғасады (А).

Маңызды ережелерінің бірі – тезис қою. Тезис – эссенің кілті. Кілті табылмаса, эссенің негізгі мақсатына жетуі де қиындыққа ұшыратады. Тезис – автор ұстанымы, негізгі бөлімде дәлелденетін ойға сілтеуші негізгі идея. Тезис кіріспе бөлімде қойылады. Кіріспе бөлім нені қамту керек? Кіріспе бөлімде эссе жазушы эссе тақырыбына түсінік береді. Осы арқылы жазушының эссе тақырыбын түсінгенін анықтай аламыз. Бұл тақырып неліктен өзекті екендігі жазылады. Тақырып және оның өзектілігі туралы жазылғаннан кейін тезис қойылады. Тезистен кейін негізгі бөлімге көшуші сөйлем жазылады. Тезис нақты әрі анық берілсе, жазбауға да болады.

Дәлелдер - бұл фактілер, әлеуметтік өмір құбылыстары, оқиғалар, өмірлік жағдайлар мен өмір тәжірибесі, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлеріне сілтемелер және т.б. Әрбір тезистің пайдасына екі дәлел келтірген дұрыс: бір дәлел сенімсіз болып көрінеді, басқа үш дәлел қысқалық пен бейнелеуге бағытталған жанрда жасалған баяндаманы қайта қалпына келтіріп, ойды анық жеткізеді. Осылайша, эссе дөңгелек құрылымға ие болады (тезистер мен дәлелдердің саны тақырыпқа, таңдалған жоспарға және ойдың даму логикасына байланысты):

Кіріспе; Тезистер, дәлелдер; Тезистер, дәлелдер; Тезистер, дәлелдер; Қорытынды.

Эссе жазғанда келесі тармақтарды да ескерген жөн:

Кіріспеде және қорытындыда мәселеге назар аудару керек (кіріспеде ол қойылған, қорытындыда автордың пікірі жинақталған).

Абзацтарды, қызыл сызықтарды ерекшелеп, абзацтар арасында логикалық байланыс орнату қажет: осылайша жұмыстың тұтастығына қол жеткізіледі.

Баяндама стилі: эссе эмоционалдылығымен, мәнерлілігімен және көркемдігімен ерекшеленеді. Сарапшылар жақсы эссе қысқа, қарапайым, әртүрлі интонациялық сөйлемдермен және «ең заманауи» тыныс белгісін - сызықшаны шебер қолдану арқылы қамтамасыз етіледі деп санайды. Дегенмен, стиль тұлғаның ерекшеліктерін көрсетеді, мұны есте ұстаған жөн.

Эссе тақырыптары эссе түрлеріне қарай әртүрлі құрылады. Аргументтік, дәлелдемелік, әдеби, сыни, синтез эсселердің өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған сәйкес тақырыптарында да өзгешілік бар.

Эссе жазу адамды үздіксіз оқуға итермелейді. Идея айтып, пікір білдіргенмен, аргументтермен бекіте алмау – аяқталмаған эссе. Толық эссе жазылу үшін қоғамда болып жатқан жаңалықтар, әртүрлі саладағы өзгірістер, тың ойлар, оқиғалар, жаһандық мәселелер назардан тыс қалмау керек. Нашар аргументтен нашар эссе жазылады. Эссе – білім алушыны үздіксіз оқуға жетелейтін жазба жұмыс түрі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ә.Қ. Сейтова, Б.А. Әбілдаев. "Эссе жазудың әдістемесі". Алматы: Білім, 2018.
2. Г.Ж. Жұмабаева. "Жазу өнері: Эссе жазудың қыр-сыры". Астана: Фолиант, 2017.
3. М.К. Бекмұхамбетов, Л.М. Құрманбаева. "Қазақ тілінде эссе жазудың әдістері". Алматы: Мектеп, 2016.

MEDICINE

Therapy

Сиязова Айнур Ержанкызы, Сейтхан Данура Сейтханкызы
Научный руководитель: к.м.н. Абильмажинова Г.Д. , Негманова Г.Е.
Врачи-резиденты 1 курса ПФ НАО «МУС»

КЛИНИКАЛЫҚ КЕЙС: БЕХЧЕТ АУРУЫ

Зерттеудің өзектілігі

Бехчет ауруы (БА) – ауыз қуысы, жыныс мүшелері, көздің шырышты қабаты және теріде ойық жара процесінің қайталануымен, буындардың, асқазан-ішек жолдарының, орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ), тамырлардың және басқа мүшелердің зақымдалуымен жүретін жүйелі тамырдың қабынуы. БА кез-келген калибрлі тамырлардың патологиялық процесіне қатысуымен жүреді.

Қазіргі ғылыми түсініктерге сәйкес, БА патогенезінің негізі қантамыр эндотелийінің аутоиммунды қабынуы болып табылады. Адамның иммундық жүйесінің сыртқы тітіркендіргіштерге гиперреактивтілігі иммунитет механизмдерінің бақылаудан тыс белсендірілуіне, 1 типті Т-хэлпер лимфоциттердің (Th-1) жұмысының бұзылуына және қабынуға қарсы цитокиндердің шамадан тыс экспрессиясына әкеледі. Бехчет ауруын сипаттайтын иммунологиялық бұзылулар артериялық және веноздық тамырлардың эндотелийінің зақымдалуына әкеледі.

Клиникалық кейс

Науқас туралы мәлімет: қыз А., 15 жаста, Павлодар қаласы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік бюджеттік денсаулық сақтау мекемесінде қаралып, емделді. Медициналық мекемеге дене қызуының 37,8 С дейін көтерілуіне, әлсіздікке, шаршағыштыққа, іштің ауырсынуына, сол жақ көзінің ауырсынуына және қызаруына, тәбетінің болмауына, 5 кг-нан астам салмақ жоғалтуға шағымдарымен медициналық мекемеге түсті.

Анасының айтуынша, балада ерте жастан ойық жара болған. Ауруханаға жатқызылғанға дейін 1 айда дене қызуының 39 С дейін көтерілуі фонында ауыз қуысының шырышты қабатында сол жақ көздің ойық жарасы мен гиперемиясы

пайда болған. Науқас Павлодар облысы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасына» госпитализацияланып тиісті терапия тағайындалды. , жедел фарингит, орташа ауырлық дәрежесі. Афтозды стоматит. Жеңіл дәрежедегі анемия.» Науқас алдыңғы госпитализациядан бір ай бұрын келесі көріністерді байқаған: афталық стоматит, іштің ауыруы, диарея, 3 кг салмақ жоғалту. Ол қайтадан ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «ОБКА» мемлекеттік бюджеттік мекемесіне жатқызылды, онда «инфекциялық» аурулар бойынша тексеруден өтіп, емделді. Ата-анасының айтуынша тұқым қуалаушылық, тамаққа, дәрі-дәрмектерге және вакциналарға аллергиялық реакциялар тіркелмеген.

Ауруханаға түскен кезде абдоминалды синдромына байланысты жағдайы орташа ауырлықта (іштің ауыруы, іш өтуі) анықталды. Терінің құрғауы және бозаруы және тургордың төмендеуі байқалды. Сол көздің склерасы мен конъюнктивасының айқын инъекциясы анықталды. Бетінің шырышты қабатында біркелкі емес пішінді көптеген ауырсынатын афталар (5 ойық жаралы ақаулар, диаметрі 0,6 см-ге дейін ауытқиды, түбі сұрғылт жабынмен жабылған). Төменгі аяқтың терісінде дөңгелек пішінді эритематозды элементтер (көлемі 1 см-ге дейін түйіндер) анықталды. Сонымен қатар тері элементтерінің ауыруы және шырышты қабықтың ойық жаралары байқалды. Перифериялық лимфа түйіндерінің ұлғаюы байқалмады. Кеуде қуысының мүшелерінен және қан айналымы жүйесінен - нормадан ауытқулар жоқ. Пальпацияда: іші жұмсақ, көлемі ұлғаймаған, эпигастрийде және кеуде маңы аймағында ауру сезімді, бауыр мен көкбауыр ұлғаймаған. Нәжістің сипаттамасы: патологиялық қоспаларсыз күніне 3-5 ретке дейін шырышты. Зәр шығаруы бос, ауырсынусыз Пастернацкий симптомы екі жақтан теріс.

Зертханалық зерттеу

Қарау кезінде гемограммада: гемоглобин 90 г/л, эритроциттер 3,5х10^12/л, ЭТЖ 30 мм/сағ, лейкоциттер 16,4х10^9/л (нейтрофилдер 72%, лимфоциттер 20%, моноциттер 20%) , тромбоциттер 550х10^9/л; жедел фазадағы С-реактивті ақуыздың жоғарылауы >165 мг/л; сарысудағы темірдің 2,7 мкмоль/л дейін төмендеуі. Гемограммада солға ығысқан анемия, тромбоцитоз және нейтрофильді лейкоцитоз белгілері анықталды. Жалпы зәр анализі: қалыпты.

Биохимиялық қан анализі: жалпы ақуыз 68 г/л (қалыпты 60–80 г/л), глюкоза 4 ммоль/л (қалыпты 3,3–5,5 ммоль/л), холестерин 3,6 ммоль/л (қалыпты 2,9–5,2 ммоль/л), АЛТ 7 U/l (қалыпты 22 U/л дейін), АСТ 17 U/l (қалыпты 32 U/л

дейін), креатинин 30 мкмоль/л (қалыпты 27– 62 мкмоль/л), мочевина 2,9 ммоль/л , қалыпты 1,8–6,4 ммоль/л), креатининфосфокиназа 72 Ед/л (қалыпты 20–200 Ед/л).

Жұқпалы аурулардың диагностикасы: қан және зәр культурасы - микробтардың өсуі жоқ; тамақтан және араннан жұғынды алу – Streptococcusviridans мол өсуі. АИТВ, В, С гепатитінің серологиялық маркерлері жоқ.

Аутоиммунды жағдайлар мен қабыну диагностикасы: қос тізбекті, нативті ДНҚ-ға антиденелер (анти-ds-ДНҚ), нуклеосомаға антиденелер (LE жасуша факторы), антинейтрофилді цитоплазмалық антиденелер (ANCA скринингі: PR3, MPO), циклдік цитрулинге қарсы антиденелер. ACCP, antCCP) - анықталмады.

Кардиолипинге (антифосфолипидтерге) антиденелерді анықтау сынағы: теріс.

Диагнозды растау үшін патергиялық сынақты жүргізген кезде оң нәтиже алынды.

Клиникалық диагноз

Бехчет ауруы. Созылмалы гастродуоденит (эрозиялық гастрит), HP-мен байланысты, өршу кезеңі. Сол жақ көздің жедел кератоувеиті. Афтозды стоматит. Жеңіл анемия.

Өмір анамнезі: Жасына, жынысына сәйкес өсіп дамыған. Вирусты гепатит, ВИЧ, туберкулез, қант диабеті – анықталмаған. Созылмалы аурулары: Жедел вирустық аурулар. Тұқым қуалаушылық – анықталмаған. Зиянды әдеттері жоқ.

Объективті қарау: жалпы жағдайы ауырлығы орташа, санасы айқын. Дене қызуы 36,6 С. Палата ішінде қозғалады, балдақпен. Өзіне-өзі қызмет көрсету шектеулі. Тері және шырышты қабаттар таза, бозғылт, тургор төмендеген. Тері астындағы май талшықтары орташа дамыған (бойы 160 см, салмағы 50 кг).

Тыныс алу жиілігі минутына 27. Тыныс алу жүйесін тексергенде екі жақты экспираторлық бронхит анықталды. Пульс жиілігі 105/мин, АҚ 120/80 мм сын.бағ. Жүйке жүйесін тексеру кезінде сенсорлық жоғалтумен екі жақты ассиметриялық дистальды бұлшықет әлсіздігі анықталды. Терең сіңір

рефлекстері бицепс рефлекстерін қоспағанда, аяқ-қолдарында анықталмады. Басқа жүйелер тексеру барысында қалыпты болды.

Лабаораториялық зерттеулер: Жалпы қан анализі: Гемоглобин – 117 г/л, эритроциттер – 3,7х1012, лейкоциттер – 14,4х109(нейтрофилдер 64%, лимфоциттер 15%, моноциттер 1% және эозинофилдер 20%), ЭТЖ – 44 мм/сағ. Жалпы зәр анализі: тығыздығы – 1024, протеинурия – 0,3 г/л, лейкоцитурия 20-25 көру аймағында. Тәуліктік протеинурия – 0,7 г/тәу. Биохимиялық қан анализі: Креатининфосфокиназа 532U/л (қалыпты 200 U/л дейін), Тропонин Т-сынамасы теріс. Вассерман реакциясы теріс болды. Иммунологиялық зерттеулер: ANA, анти dsDNA және c-ANCA теріс болды. P-ANCA (ИФА) оң болды.

Инструменталды зерттеулер: Электрокардиограммада синусты тахикардия анықталды, бірақ эхокардиограммада қалқада және алдыңғы қабырғада гипокинезия анықталды. Коронарлық ангиограммада сол жақ алдыңғы төмендейтін коронарлық артерия аумағында жеңіл дәрежелі зақымдану анықталды. Кеуде қуысының рентгенографиясы – созылмалы бронхит .Жүйке өткізгіштігін зерттеу кезінде мононейропатиялардың бар екендігі анықталды. Спирометрия кезінде тыныс алу жолдарының қайтымды бітелуі анықталды. Оның бастапқы форсирленген дем шығарғандағы 1 секундта шығарылған ауаның көлемі (ОФВ1) болжамды мәннің 68%. құрады, бронходилататорлармен сыналғаннан кейін болжамды форсирленген дем шығарғандағы 1 секундта шығарылған ауаның көлемінен(ОФВ1) 90% - ға дейін өсті, бұл тыныс алу жолдарының қайтымды кедергісін көрсетеді.

Инструменталды зерттеулер:

Іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуінде: бауырдың, ұйқы безінің реактивті өзгерістері, сол жақ қолтықасты лимфа түйіндерінің лимфаденопатиясының эхографиялық белгілері, құрылымда кальцинаттар бар.

ЭФГДС: эрозиялық антрум гастриті НР-оң, катаральды бульбит, дуоденогастральды рефлюкс. Кеуде мүшелерінің КТ: ошақты-инфильтративті патологияның белгілері анықталған жоқ.

Қосымша мамандардың консультациялары өткізілді. Окулист-дәрігер қорытындысы: сол жақ көздің кератоуевиті, отоларинголог: ЛОР органдарының жүйелі зақымдануы анықталды, мұрын септумының қисаюына ем тағайындалды, стомотолог: терең кариес, афтозды стоматит, гастроэнтеролог:

Helicobacterpylori - мен байланысты созылмалы гастродуоденит, өршу, дуодено-гастральды рефлюкс, невропатолог – патологиялар анықталмады, иммунолог – қабыну иммунограммасындағы өзгерістер, иммунотропты терапияны қажет етпейді.

Қорытынды

Сипатталған клиникалық бақылау сирек кездесетін нозологиялық форма ретінде қызығушылық тудырады.

Бехчет ауруы диагностикалық процесінің күрделілігі спецификалық және жоғары сезімтал зертханалық және аспаптық диагностикалық әдістердің болмауына байланысты, аурудың клиникалық көріністерін талдау принципті болып табылады. Дегенмен, бұл патология клиникалық симптомдардың кең ауқымымен көрінеді, сондықтан Бехчет ауруы бар науқастарды тексеру және емдеу әртүрлі профильдегі мамандарды қажет етеді.

Clinical medicine

Антонян І.М., Мошель Ф.Г., В.В. Россіхін
Харківський національний медичний університет

ВІБОР МЕТОДУ ЛІКУВАННЯ ТА ДІАГНОСТИЧНА ТАКТИКИ ПРИ СИМПТОМАХ НИЖНІХ СЕЧОВИХ ШЛЯХІВ У ХВОРИХ НА ДОБРОЯКІСНУ ГІПЕРПЛАЗІЮ ПЕРЕДМІХУРОВОЇ ЗАЛОЗИ

Інтерес урологів до проблеми діагностики та лікування пацієнтів з доброякісною гіперплазією передміхурової залози (ДГПЗ) можна пояснити незадоволеністю результатами операцій як хворих, так і урологів (що особливо займаються тривалою післяопераційною реабілітацією).

На сьогоднішній день на доброякісну гіперплазію передміхурової залози страждають від 30% до 50% чоловіків старше 50 років і приблизно 80% чоловіків 80 років і старше (М.І. Коган, І.І. Белоусов та ін., 2001).

Пропорційно до збільшення віку чоловіка ДГП може поступово збільшуватися в обсязі та погіршувати відтік сечі. В результаті прогресують іритативні та обструктивні симптоми, що знижують якість життя пацієнта. Основний синдром ДГПЗ – інфравезикальна обструкція. Однак існує група захворювань нижніх сечових шляхів, що протікають із цим синдромом. Відповідно до цього не рідкісні і помилки в диференціюванні нозоологій і, отже, неправильний вибір лікувальної тактики.

Пропонується наступна схема первинного діагностичного мінімуму у пацієнтів з синдромом інфравезикальної обструкції.

А) У плані діагностичного набору досліджуються: 1. Анамнез; 2. IPSS; 3. Запис ритму сечовипускань; 4. Пальцеве дослідження простати; 5. Оцінка аналізу сечі; 6. Оцінка ниркових функцій; 7. PSA; 8. Урофлоуметрія; 9. УЗД сечової системи та простати; 10. Оглядова урографія

Б) Диференціювання синдрому інфравезикальної обструкції проводиться при захворюваннях: 1. ДГПЗ; 2. Карцинома простати; 3. Запальні зміни ПЗ; 4. Нейродисфункція сечового міхура; 5. Склероз шийки сечового міхура, простати.

При зверненні хворого до клініки поряд із збиранням анамнезу та загальноклінічним оглядом, включаючи пальцеве ректальне дослідження, пацієнт заповнює IPSS-карту (Міжнародна шкала простатичних симптомів) та представляє запис ритму сечовипускань. Пацієнту виконується аналіз рівня PSA (простат-специфічний антиген) крові, урофлоуметрія, УЗД сечової системи та простати, оглядова урографія.

Сам собою аналіз заповненої IPSS-карти не дає точної інформації про характер реальних порушень сечовипускання, оскільки є суб'єктивною оцінкою. Але у сумі з даними урофлоуметрії дозволяє об'єктивно відобразити якість життя пацієнта та оцінити ступінь виразності ірритативної та обструктивної симптоматики.

Вимірювання рівня PSA крові, УЗД простати всім пацієнтам сприяє ранній діагностиці карциноми простати (аж до інцидентальної пухлини), а аналіз урофлоуметричної кривої допомагає виявити обструктивний тип сечовипускання, запідозрити нейродисфункціональні порушення сечового міхура, що може в принципі змінити лікувальну тактику (табл. 1).

Виконання урофлоуметрії хворим з ДГПЗ дозволяє в середньому у 24% виявити відсутність обструктивних порушень уродинаміки (V сечов. міхур. > 150 мл, U макс. > 15 мл/с, V залишкової сечі < 30 мл.) , хоча за даними заповнених IPSS-карт рахунок симптомів коливався в межах 17-26 балів.

Таблиця 1

Виділені групи в залежності від показників урофлоуметрії та застосовувана в цих групах терапія

ГРУПИ хворих з ДГПЗ	ЗАСТОСОВАНА ТЕРАПІЯ
Ранні стадії ДГПЗ Показники УФметрії: (V сечов. міхур. < 150 мл, U макс. більше 15 мл/с V залиш. сечі -0 мл)	• «Обережне вичікування», • інгібітори 5-а редуктази
2. Ірітативна симптоматика (V сечов. міхур. < 150 мл, U макс. більше 12 мл/с V залиш. сечі -0 мл)	• «Обережне вичікування», • інгібітори 5-а редуктази, • селективні а-адреноблокатори
2. Ірітативна + обструктивна симптоматика (V сечов. міхур < 150 мл, U макс. < 12 мл/с V залиш. сечі <=100 мл)	• Селективні а-адреноблокатори, • інгібітори 5-а редуктази або • оперативне лікування

4. Обструктивна симптоматика (V сечов. міхур. > 150 мл, Uмакс. < 12 мл/с V залиш. сечі > 100 мл)	• Оперативне лікування

ВИСНОВОК: Аналіз даних за пропонованою схемою дозволяє достовірно виділити ДГПЗ з низки патологічних станів нижніх сечових шляхів, об'єднаних синдромом інфравезикальної обструкції, а також допомагає відповіді на запитання, чи необхідно хірургічне лікування. У результаті максимально знижується ятрогенний фактор ушкодження та діагностичні помилки, які можуть принести порушення у здоров'ї пацієнтів.

Россіхін В.В., Мошель Ф.Г.
Харківський національний медичний університет

ДЕЯКІ ЗАУВАЖЕННЯ ЩОДО ПАТОЛОГІЇ ПРЕДМІХУРОВОЇ ЗАЛІЗИ ТА ТРИКУТНИКА ЛЬЄТО

Гіперплазія передміхурової залози (ГПЗ) залишається одним із найпоширеніших захворювань у чоловіків похилого та старечого віку (84-90%). З цієї причини питання структурно-функціональних особливостей передміхурової залози (ПЗ) та лікування ГПЗ привертає до себе увагу урологів усього світу.

Гіперплазія передміхурової залози (ГПЗ) залишається одним із найпоширеніших захворювань у чоловіків похилого та старечого віку (84-90%). З цієї причини питання структурно-функціональних особливостей передміхурової залози (ПЗ) та лікування ГПЗ привертає до себе увагу урологів усього світу.

Як не назвати це захворювання, - чи гіпертрофія передміхурової залози, ДГПЗ, аденома простати або аденома парауретральних залоз - але, по суті, мова може йти про групу захворювання, що виходять з органів міхурово-уретрального сегмента, його сечостатевого трикутника (trigonum vesicae).

Як встановлено клініко-патологоанатомічними зіставленнями, в одних випадках відбувається збільшення самої тканини передміхурової залози за рахунок істинної гіперплазії її залозистих клітин з подальшим збільшенням в обсязі самої залози - АП, в інших, навпаки, відбувається не гіперплазія, а атрофія з подальшим розвитком склерозу передміхурової залози — із заміщенням її потужною сполучно-фіброзною тканиною. У третьому випадку відбувається також справжня гіперплазія тканини передміхурової залози з вираженим злоякісним перетворенням її залозистих елементів (РПЗ).

Мова може йти про три патоморфологічні стани, що самостійно розвиваються в сечоміхуровому трикутнику: аденома, рак і склероз передміхурової залози. Саме ця тріада зумовлює тривогу, пов'язану як із характером змін із боку акту сечовипускання, і зі змінами із боку ритму статевої діяльності.

Судячи з патологоанатомічних даних, ці структурно-морфологічні зміни знаходять майже у 97-98% померлих віком старше 70-80 років. Як за нашими даними, так і за даними Англійської Національної Асоціації урологів близько 75% чоловіків у віці близько 50 років у тій чи іншій мірі страждає аденомою передміхурової залози. У цьому ж віці в 10% випадків зустрічаються в рівній мірі як рак, так і склероз передміхурової залози

Якщо ракова поразка і склероз ПЗ зустрічається у молодшому віці, то АПЗ зустрічається головним чином після 50 років.

Численні спостереження свідчать, що за останні 30—40 років відбувається значне омолодження хворих, які страждають на тріаду цих захворювань.

Складність у більш точному клінічному визначенні частоти цих захворювань можна пояснити в основному трьома факторами: прихованою та мізерною симптоматикою на початку хвороби, на яку не звертають уваги чоловіки, впевненість хворих, що ці зміни пов'язані не тільки з віковими особливостями, але й з невчасним зверненням до лікаря. Останнє може важко позначитися подальшої долі життя хворого, оскільки симптоми всіх цих захворювань ідентичні — у всіх випадках розвивається звуження, здавлення, девіація уретри.

Розвивається так званий «біологічний зашморг» однією із систем життєзабезпечення, якою є сечостатева система.

Збільшення передміхурової залози обумовлюється головним чином мультиплікацією залозистої та інтерстиціальної тканини. У зв'язку з особливостями анатомо-функціональної будови ПЗ при її рості можуть утворюватися вузли як по бічних її поверхнях, так і в центральній частині (центральна частка). Аденома простати, що має масу менше 20-30 г, вважається малою, до 80 г - середньою, понад 80 г - великою і перевищує 250-300 г - гігантської. У деяких оперованих хворих вага залози досягала від 200—300 до 570 г.

Характер аденоматозних вузлів, що утворюються, і їх величина позначається на клінічній картині і змінах, що розвиваються, з боку всього сечовидільного тракту. Так, внутрішньоміхурове зростання аденоматозних вузлів дає на самому початку захворювання ранні симптоми. Зростання у бік

прямої кишки обумовлює пізніший прояв симптоматики, і АПЗ може у випадках досягати величезних розмірів при порівняно незначних симптомах. Таким чином, паралелізму між величиною АПЗ та її клінічними проявами майже не спостерігається. Ця закономірність відзначається також при раку та склерозі.

Етіопатогенез розвитку цих захворювань і зараз вивчений ще недостатньо. Існуючі теорії: механічний, запальна, атеросклеротична та ін. - пояснюють хвороби з суто локалістичних підходів. Пізніше з'явилася внутрішньосекреторна теорія, яка в даний час визнається більшістю.

Крім поглядів, що змінилися на джерела виникнення аденоми, докорінному перегляду піддалися уявлення про анатомію передміхурової залози, причому її зображення дається стосовно клінічних потреб. Так, S.Gil-Vernet (1953) рекомендує розрізняти: а) верхню частину, розташовану навколо уретри на рівні сім'яного горбка; б) нижню периферичну частину, що оточує верхню частину простати та уретри на рівні сім'яного горбка; в) середню частину, розташовану позаду уретри і навколо сім'яних протоків.

J.E. Mc Neal (1978, 1988) запропонував виділяти 5 зон передміхурової залози, що виявляються при розвитку аденоми:

1) фібром'язова зона, утворена м'язовими волокнами та складає 1/3 переднього відділу простати; у фізіологічному та патологічному планах ця зона не відіграє жодної ролі;

2) периферична зона, яка формує задній та нижній відділи передміхурової залози. Вона багата залозами, вивідні протоки яких відкриваються як і дистальний відділ уретри, і у сім'яний горбок;

3) центральна зона, що має конічну форму з локалізацією верхівки на насіннєвому горбку, формує основу передміхурової залози; центральна зона охоплює сім'яні протоки на всьому їх протязі, її ацінуси зливаються з одного боку в центрі на рівні сім'яного горбка і з іншого - в сім'яних протоках;

4) перехідна зона формується двома маленькими часточками та проксимальним відділом уретри. Залози центральної зони зустрічаються в стромі рідко, видалені один від одного і зливаються у верхній частині сім'я- ного горбка. Перехідна зона становить 5% тієї залозистої або стромальної маси передміхурової залози, де переважно розвивається аденома;

5) зона парауретральних залоз, яка розташовується повністю навколо уретри в ділянці сем'яного горбка.

Отже, передміхурова залоза має 3 функціональні зони, що у співвідношенні становить: - центральна зона 25%; - периферична зона 70%; - перехідна зона 5%.

Ці зони мають неоднакову гістологічну будову та різне біологічне значення. Так, аденома передміхурової залози розвивається саме в перехідній зоні і, становлячи всього 5% з 20 г нормальної простати, при збільшенні досягає 100 і більше грамів, викликаючи здавлення всіх інших зон.

Рак передміхурової залози в 85% випадків розвивається в периферичній зоні, яка добре доступна для пальцевого ректального дослідження, зате цю зону дуже важко резецировати при ТУР. Тільки в 25% випадків рак простати розвивається і в перехідній зоні, яка недоступна для пальцевого і ректального УЗ-дослідження, хоча вона легко піддається ТУР.

Центральна зона становить 25% обсягу нормальної простати і дуже рідко залучається до патологічного процесу як при аденомі, так і при раку простати. Знання взаємин цих зон між собою є важливим компонентом для більш правильного підходу до патологічних процесів у передміхуровій залозі та їх лікуванню.

Саме сім'яний горбок є тим вузловим утворенням, навколо якого локалізуються основні вихідні зони виникнення аденоматозних вузлів і до яких співвідноситься умовний анатомічний поділ аденоматозної патології.

Якщо сучасне виділення 5 анатомічних зон формується аденоми передміхурової залози має пряме відношення до розшифрування ультразвукових особливостей, то уточнення спрямованості зростання має безпосереднє значення до вибору методу лікування, так і визначає техніку аденомектомії при поодиноких випадках проведення відкритої аденомектомії.

Залишається непорушним принцип виділення інтравезикального та субвезикального зростання аденоми передміхурової залози. Така відмінність передбачає зазвичай рівномірне збільшення всієї аденоматозної маси з переважним зростанням бічних часток.

Дослідження останніх 20-30 років, коли ультразвуковий метод став невід'ємною складовою комплексного вивчення цього захворювання, показали,

що у 45% хворих виявляється виразне збільшення середньої частки, яка виступає в просвіт сечового міхура у вигляді айсберга або на тлі навколишнього рідинного середовища. Така особливість зростання визначає і вибір методу лікування, оскільки ТУР виявляється важко або зовсім нездійсненною, а засоби медикаментозного впливу - не ефективними.

Клінічні прояви аденоми передміхурової залози визначаються зростаючим утворенням на шляху потоку сечі. Порушення сечовипускання (симптоми нижніх сечових шляхів) - це той симптомокомплекс, який і є провідним при всій різноманітності зростання аденоми передміхурової залози.

Літературні дані та клінічний досвід, дозволяє зробити наступні висновки:

1. Високоймовірно захворювання сечостатевого трикутника АПЗ, РПЗ, СПЗ після 45-50 річного віку виникають внаслідок функціонально-фізіологічної гормоно-клітинної втоми, дискоординації гіпофізарно-гормональної кореляції.

2. Першими, ранніми клінічними симптомами гормонально-клітинної втоми є в нормотропів падіння гостроти зору (проф. В.І. Шаповал).

3. Для всіх трьох захворювань основними патоморфологічними змінами є утворення перешкоди (своєрідного морфологічного зашморгу простатичного відділу уретри) з наступними причинно-наслідковими включеннями інших систем та органів та формуванням симптомів нижніх сечових шляхів).

4. Наявні у більшості хворих до цього віку соматичні захворювання обтяжують загальну картину хвороби, що дозволяє нам розділяти хворих на дві групи: хворих з ускладненою і хворих з неускладненою АПЗ (РПЗ, СПЗ), що визначає як діагностичну, так і лікувальну практику. Якщо хворим з ускладненою аденомою (раком, склерозом) може бути рекомендовано двоетапне відновлення сечовипускання, то хворим з неускладненою – лише одноетапне лікування.

5. Гормонотерапія, термотерапія та інші методи лікування не виправдані, а тому не отримали вдячності ні у хворих, ні у лікарів-фахівців. При цьому використання селективних a_{a1}-адренолітиків (силодозин, тамсулозин) та блокаторів 5а-редуктази (фінастерид, епристерид) може бути альтернативною оперативному лікуванню на певний час (або бути заходом передопераційної підготовки перед ТУР).

6. Альтернативою у лікуванні хворих є оперативний метод, спрямований на відновлення прохідності уретри. ТУР, аденомектомія або простатектомія є основними видами оперативних втручань, що дають найбільш сприятливі результати.

7. Мофологічні дослідження віддалених ПЗ показують, що поряд з клітинними змінами в простаті в останній у 80-90% спостережень є гнійно-септичні зміни, які дозволяють вважати хворих з АПЗ в переважній більшості випадків як інфіковано-септичними, що вимагає післяопераційних антисептичних та протизапальних заходів, що запобігають формуванню стриктур.

8. Після видалення АПЗ численні клінічні спостереження підтверджують відновлення як функції сечовипускання, а й у більшості випадків відновлення і навіть поліпшення статевої функції.

MUSIC AND LIFE

Music: learning and teaching

Сапар А.Қ. - 1403-21 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Таубаева Р.К. -аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

ДӘСТҮРЛІ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

Күй өнері – қазақ музыкасы мәдениетінің ең көрнекті жанрларының бірі әрі бірегейі. Ата бабамыздың тайғақ кешулі, шытырманға толы тарихи тағдырының ең басты куәгері. Ұлттың намысы мен арын, адалдығын бойына сіңірген, өткен тарихтан мол мағлұмат беретін кемел қасиетті хат.

Қазақтың күй өнері жайлы сөз еткенде, оның қасиеті мен көркемдігі туралы «Санын сөз етсеңіз де, сапасын сөз етсеңіз де, екі ішектен ескен күй – мақтауға тұрарлық қымбат дүниеміз», - деп Ахмет Жұбанов айтқандай [1] күйлердің санын сөз етсек – сонау өткен ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ән күйін жинаушы А.Затаевичтен бастап бүгінгі күнге дейін нотаға түскен қазақ күйлері шамамен төрт-бес мыңға жуық. Оның ішінде 1500 қазіргі заман күйлері, 2000-ға жуығы халық сазгерлерінің шығармасы, яғни, авторы белгілі күйлер, 500 күй ескі сарынды күй болса, 200-ден астамы аңыз-әңгімелер.

Күй өнері – ұрпақ арасындағы сабақтастықтың алтын көпірі. Осы алтын көпір туралы Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі», «Құрманғазы», «Замана бұлбұлдары», «Ән-күй сапары», Тымат Мерғалиевтің «Домбыра сазы», Гүлперизат Елеусіқызының «Күй керуені», Құдайберген Жұбановтың «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы» очеркінде жазып кеткен. Бүгінгі таңдағы этнограф жазушы Тарақты Ақселеу «Күй шежіресі» атты еңбегін күй мәселелеріне арнады. Авторлардың еңбегінде күй өзінің сан ғасырлық тарихын бүгінгі күнге дейін жоймай бізге жеткендігі жайлы жазылып, олардың үлгілерін жоғалтпай сақтау жолдары көрсетіледі [2].

XIX ғасырда күй өнері өзінің даму жолында ең биік шыңға жетті деп айтуға болады. Қазақ даласының барлық аймақтарында күй өнерінің қалыптасуы

мен дамуы бірдей болған жоқ. XX ғасырдың 60 жылдарына дейін созылған күйшілік мектептерін атап өтейік. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Қаратау, Маңғыстау, Жетісу күйшілік мектептері. Бұл мектептердің ішіндегі ең жасы – Қаратау күйшілік мектебі. Негізін қалаушы – Сүгір Әлиев.

Алтай, Тарбағатай тауларынан бастап Шыңғыс тауы, Ұлытау, Қаратау, Жетісу, Сыр бойына дейін қоныстанған ел арасына ертеден танылған күйдің екінші мектебі шертпе күй өнері. Күйдің өзіндік жанрлық, даралық ерекшеліктерін көрсететін көптеген өкілдері болған. Олар: Тәттімбет, Тоқа, Байжігіт, Дайрабай, Қыздарбек, Сүгір т.б. атақты күйшілер.

Қазақ отбасында балаларды музыкалық шығармашылыққа тарту, музыкалық мәдениетке баулу, музыкалық аспаптарды үйретуде өзіндік ерекшелік бар. Олардың үлгі тұтатын ұстазы: ата-анасы мен музыкалық қабілеті бар адамдар. Айта кететін жайт қазақ бұрын баласының бойы мен жасын есепке ала отырып аспапты сатып алған немесе өздері жасаған. Әрі жас мөлшеріне қарай үйрету тәсілі де әртүрлі болған.

Суырып салма ақындық өнері, айтыс, шешендік өнер, театр өнері, ән айту, жыр-терме мектептегі музыка сабағында өз орнын тапты. Осылайша ұлттық өнерге оқушыларды жастайынан баулу мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерінің дамуына, оқу-тәрбие процесінің дамуына өте зор әсерін тигізді. Оқушылар күнделікті өмірде музыкамен етене араласа алады.

Бүгінгі күннің жалпы басты талабының бірі – жалпы білім беретін орта мектептерде күй өнерінің тәрбиелік маңызын қамтып көрсету. «Мынау күй» деген қарапайым құрғақ анықтамаға қарағанда, күйшілік дәстүрдің өзі де үлкен тәрбиелік мектеп екенін неге айтпасқа.

«Абай жолы» романы арқылы белгілі М.Әуезовтың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөзі арқылы сол ел бесігі – болашақ ұрпақтың тәрбиесінен басталатынына көзіміз жетеді [3]. Сондықтан болар қазақ халқы әуел бастан бала тәрбиесіне аса назар аударған.

Өнер – халық педагогикасында балаларды тәрбиелейтін ең негізгі құралдардың бірі болып табылады, оның ішінде музыка өнері. Адам баласы жастайынан музыкамен өсіп-өнген. Шыр етіп дүниеге келіп, бесікке жатып әлди естіп, үлкен азамат боп жетіліп, өмірден өткен кезінің өзін музыкамен

байланыстыруға болады. Сол музыкалық аспаптарды орындайтын аспаптардың орны ерекше. Өйткені музыкалық аспап болмаса, ән, күй, шығармалар қайдан пада болсын.

Қазіргі таңда қазақтың халық музыкасының болашақ ұрпақты тәрбиелеуде алатын орын ерекше. Музыка пәні – көптеген ізденіс, тапқырлық, шеберлікті талап ететін шығармашылық пән. Оқушыларға ұлттық рухани тәрбие беріп, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік, адамгершілік сипаттарын бойына сіңіруде музыка пәнінің алатын орны орасан зор екендігі баршамызға белгілі. Осы бағытта сабақты тиімді ұйымдастырып, ақпараттық технологияларды пайдалану өте маңызды. Мысалы: интербелсенді, смарт тақталар арқылы, мультимедиялық көріністер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып дәстүрлі күй өнерін де, оның тәрбиелік маңыздылығын да оқушылардың бойында өшпестей етіп қалдыруға болады.

Қорыта келгенде, күйдің тәрбиелік сипаттары мен басқа да танымдық тағылымдары аз емес. Әрине, менің зерттеу жұмысым күй өнері арқылы тәрбие берудің мәселесін шешпесе де, жас ұрпаққа тәрбие беруде күйдің, қазақ музыкасының алатын орны ерекше екендігін аңғартты.

Әдебиеттер:

1. Жұбанов А. Ән-күй сапары. Жазушы – А., 1976
2. Тарақты А. Күй шежіре – Алматы 1992
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., Ана тілі 1991.

Амангельді Е.Б.-1403-22 тобының білім алушысы
Ғылыми жетекшісі: Лес М.К.-аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ САБАҚ БАРЫСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

Педагог деген бір сөз терең мағынаны білдіреді, мыңдаған сауалға жауап береді. Педагогтың жалпы қызметі-ол кешелек ұрпақты саналы, мәдениетті және бәсекелестікке бейімді етіп тәрбиелеу, болашаққа бағдар көрсете отырып, білім нәрімен сусындату. Нағыз педагог білім берумен ғана шектелмейді, ол болашақ ұлы тұлғаның іргетасын қалаушы болып есептеледі. Нағыз педагог-бұл жәй ғана мамандық емес, бұл кәсіп. Өз ісін шын сүйетін, сол іске өзінің бар өмірін арнай алатын адам ғана тән мамандық. Нағыз мұғалімнің алғы қасиеттерінің бірі-оның кәсіби дайындығы, мамандығына адалдығы, өз саласындағы барлық өзгерістерден қалыс қалмау үшін өзін әрдайым жетілдіріп, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін меңгеріп, түрлі курстарға барып жаңа сатыларды бағындырып отырады.

Қазіргі қоғамды дамытудың маңызды факторлары білім мен ғылым болғандықтан, сол саланың ішіндегі музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақтың мәдениетті, білімді, сымбатты болып өсуі үшін ең жоғарғы мүмкіндіктер мен әдіс-тәсілдерді қолдануды мақсат тұтады. Еліміз тәуелсіз, зайырлы мемлекет болып, өз шаңырағымызды тіктеген сәттен бастап ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді, біліміміз бен қабілеттілігімізді жаңғыртып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізуді міндетті деп танидық. Осы орайда барлығында «Музыка пәні не үшін қажет?» деген сауал қалыптасуы мүмкін. Көпшілігіміз үйреніп қалған дағды бойынша, музыка пәні бейнелеу және дене шынықтыру пәндері секілді негізгі пәндерге қосымша пән ретінде қаралып жүргені де жасырын емес. Содан келіп туындайтын мәселе, бұл пәндер бойынша қойылған бағада шарттылық пен талаптар басым. Егер де алгебра, геометрия, т.б. пәндер бойынша оқушыға шынайы білімі, нақты білім көрсеткіші бойынша баға қойылатын болса, музыка пәнінде оқушыға қандай білім көрсеткіштері үшін баға

қойылуы керек? Осы мәселе айқындалмай келеді. Оған қоса қазіргі трендке айналған қазақи стильдегі әндер, киімдер, оған қоса қазақша сөйлеу, бәрі бәрі өзекті. Музыка пәнінде осы жайттардың барлығы қарастыралатын боғандықтан, қоғамда бұл пәннің орны айрықша екендігі сөзссіз.

Мұғалімдік мамандықтың қыр-сырын ашу үшін оның басқа мамандықтарға қарағандағы *әлеуметтік құндылығын,* оның қоғамдағы орны мен рөлін тереңірек қарастырған жөн. Адамзат тарихында мұғалім мамандығының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі-оның қай елде болмасын ең кең таралғандығы. Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз педагог мамандығының қоғам дамуы үшін аса қажеттілігінің, зор маңыздылығының көрсеткіші. Себебі егер де бұл мамандыққа қоғам тарапынан сұраныс болмаса, мұндай көп мамандарды даярлау кажеттілігі де болмас еді. Бұл мәңгілік ескірмейтін мамандықтардың бірі. Мұғалімдер әр баланың тұлғасын қалыптастыруда, оларды интеллектуалдық жағынан дамытуды, эмоционалдық, рухани, дене тәрбиелерін жетілдіруді көздейді. Ал шәкірттің тұлға ретінде қалыптасуын басқару өте күрделі процесс екені балалардың әрдайым психологиялық, физиологиялық, педагогикалық өзгеріс үстінде болатындығына байланысты. Соның ішінде музыка пәні мұғалімінің атқаратын рөлі ерекше. Музыка пәні қоғамының әлеуметтік сұранысына жауап бере отырып, оқушыларды халықтық-ұлттық әлемдік музыкаға баулиды. Музыкалық көркем бейне оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін танып, білудегі ой-өрісін байытып, дүниетанымын кеңейтеді, музыка оқушының талғамының дұрыс қалыптасуына бірден-бір негізгі бағыт-бағдар беретін пән. Музыка пәнінің мазмұны оқушылардың қабылдауына ыңғайлы болуы қажет. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларына өз елінің мәдениетін, салт дәстрүрлеріне деген күрметті, оған қоса эстетикалық көріністердің үйлесімділігін қалыптастыруға осы музыка өнерінің маңызы зор екендігін байқауға болады.

Оқушы музыкамен күнделікті дерлік етене араласады, оған негіз ретінде осы үш факторды алуға болады:

1) музыка сабағындағы ұғымдық тапсырмаларды орындау барысында (сыныппен бірге күй тыңдауы, музыкалық шығармаларды талдауы)

2) өз бетінше белгілі бір құрылғылардан тыңдауы

3) музыканы кездейсоқ тыңдауы

Музыка сабағында бірге әуенмен бірге өлшем, ырғақ жүйесін есту, қабылдау, түсіну тәжірибесі қалыптасып, есте сақтап қалу қабілеті де жинақталады. Қай сынып, қай сабақ болмасын музыкалық материалды оқытқан кезде музыканың мазмұнын негізге алып, түсінуді, ынта-ықыласты, сезімдік құбылыстарын да соған бағыттау керек. Бұл орайда музыкалық сабақтан әсер алған балалардың эмоциялық жағдайын меңгеру тікелей оқытудан ғана құралмайды, сонымен қатар қызықты ойын, қимыл іс-әрекеттермен сабақтасып отырғаны пайдалы.

Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдында тұрған мәселелердің бірі осы ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп, адам өмірін нұрландыруға атсалысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Оның түп-тамыры, негізі-музыканы қабылдай білуде жатыр. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені ол оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып есептеледі. Музыканы қабылдау - музыка сабағында қолданылатын іс-әрекеттердің кез-келген түрінің іргетасы, бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады.

Бүгінгі таңда музыкалық білім берудің мақсаты рухани, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік мәдениетінің қалыптасуы деп түсіндіріледі. «Жас шақта берілген тәрбие өмірлік азық» - дейді халқымыз. Осыған орай ендігі кезде жаңа адамды жан-жақты дамыған, білімді, өнерлі, еңбек сүйгіш бағытта тәрбиелеу-оқытушылардың басты парызы болып табылады.

Музыкалық тәрбие беруде мұғалімнің алдына негізгі үш міндет қойылады:

музыкалық әртүрлі іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту;

музыканы сезім арқылы саналы түсінуге баулу;

музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдыны меңгерту.

Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуге даярлығы басты екі кезеңнен-оқу пәнін жүргізудегі жалпы және әрбір жеке сабақты өткізуге даярлығынан құралады.

Жалпы даярлық барысында мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық даму деңгейлерін зерттейді.

Музыка пәні мұғалімінің әрбір сабаққа даярлығы да едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде оқу материалының мазмұны ойластырылады. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К.h «Жалпы педагогика»

2. ulagat.com

3. r.donnu.edu.ua

4. bilimainasy.kz

5.Дүйсембінова Р.Қ., “Музыкалық білім беру педагогикасы”. Талдықорған.: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2006.-216 б.

6. Алиев Ю.Б. “Настольная книга школьного учителя-музыканта”. Москва.: Владос, -336 с.

7. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Теория музыкального образования., Москва., академия.,-336 с.

Төлешова А.М. - 1403-12 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Балабекова А.А. – магистр, аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

МУЗЫКА САБАҒЫНДА АСПАПТАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Музыка – шынайы өнер, адамға әсер етіп, құдіреттің эмоциялық орасан зор күш арқылы эстетикалық талғамын оятады. Музыканы тыңдау арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі мақсаттары жүзеге асады. Іс-қимыл бірге музыканы тыңдаумен қатар оны қиялдау арқылы басқа ғылыми салаларын жетік меңгерген үлкен септігін тигізетіні анық. Музыканы сезінген бала, ол математика пәнін жетік меңгеріп, яғни көрсеткіш көрсететіні баршаға аян. Музыка - сезініп қана қоймай, оны көз алдына елестете алып оқушы ана тілі мен әдебиет пәндерін жетік меңгеретін болады. Кейбір балалар музыканы жай ғана тыңдап, ешқандай әсер, сезіну, қобалжу, эмоциялық әсер ала алмаса, ол оқушы музыкадан басқа жалпы пәндерден білім көрсеткіші төмен болады. Музыканы дұрыс түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу арқылы оқушылардың ой-өрісін, сезімін, санасын, киімін, талғамын жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен мәдениеттілігін дамытамыз. Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие саласының бірі - эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары бойынша, яғни музыкада - дыбыс, суретте - бояу, әдебиетте - сөз арқылы жасалынған көркем бейнелер негізінде оқушының дүниетанымын арттырып, өмірдің шындығы мен әсемдікті сезіну қабілетін дамытуға жағдай жасайды [1].

Музыка сабағында оқушыларды музыка өнеріне баулу олардың әсем сезімдерінің тәрбиеленуіне, көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасуына себебін тигізеді. Музыкалық тәрбиенің мақсаттары мен заңдылықтарын анықтауда әдістеме көмегін тигізеді. Әдістеменің қалыптасуының тарихы мен дамуын білу аса маңызды, өйткені қазіргі кезенде осы саладағы жетістіктерді және кемшіліктерді анық байқауға мүмкіндік береді. Музыкалық тәрбиені өмірмен байланыстыру, музыкалық өнерге деген қызығушылығын арттыру, оның тәрбиелудегі әсерін күшейту сияқты қажетті міндеттерді жүзеге асыруда музыка мұғалімінен өз пәнін жақсы меңгеріп және

әрдайым жеке тұлғалы оқушыға көңіл бөлуін талап етеді. Оқушы – ол тыңдаушы, орындаушы екендігін есте сақтауы керек. Оның білгендігі мен тәжірибесі мұғалімге қарағанда аз бола тұрса да, музыкаға деген өзінің қатынасын білдіре алады. Музыка пәнінің мұғалімі ән айту, музыка тыңдау, музыка сауатын меңгеру тәрізді сабақтың «дәстүрлі бөлімі» шеңберінің құрсауында қалмай, оны нақтылы өмір шындығымен, қоршаған орта туралы түсініктермен ұштастыра білуі тиіс.

Музыка сабағында аспапты қолдану ерекшілігі – оны үйренуге ықылас танытқан оқушылармен жұмыс істеу. Әр баламен жұмыс істегенде сабақты оның басының қабілеттілігіне, талғамына сай жоспарлайды. Аспапты игеріп кету, оның музыкалық қабілетіне, еңбексүйіспеншілігіне, ынтасына байланысты. Мұғалім баланың қызығушылығын арттыратын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білген жөн.

Музыка мұғалімі, ең алдымен, керемет музыкант болуы шарт. Егер ол музыкалық аспапты еркін меңгеру, даусы, есту қабілетінің нәзіктігі, нотаға қарап бірден ойнау және импровизациялық қабілеттілігі жоғары болса, бұл оның қызметтегі шығармашылығының жеңісі болып табылады. Белгілі педагог Д.Б.Кабалевский музыка мұғалімі бойындағы біліктіліктің ең маңыздысы аспапты меңгеруінде деп атап айтқан болатын. Таспаға жазылған шығармаларды тыңдаудан гөрі көз алдында аспапта ойнап көрсетудің құндылығында шек жоқ. Ойнап көрсету тыңдаушыға эмоциялық орта жасайды. Мұғалім өзі орындау барысында кез-келген жерде тоқтап, түсіндіріп, кейбір эпизодтарды қайталап немесе жеке тактіні ойнап, сонымен қатар бастапқы шығармаға қайта орала алады. Өзін сүйемелдеп ән салатын оқытушы барлық оқушысына қадірлі және ойнай отырып ән салу қызықты.

Музыкалық аспапты меңгеру, ән салу, дирижерлаумен қатар мұғалімнің теориялық біліммен толық қаруланғаны керек. Білікті музыкант әдебиеттерді, музыка тарихын, оның тілін түсінуі керек. Сонымен қатар музыкалық өнерді қоғам дамуындағы орны мен әдебиет, сурет және басқа мамандықтармен байланысын білуі, яғни өз пәнін толық меңгеруі қажет.

Орындаушының орнықты әрі ыңғайлы отыруы қолдарын еркін қимылдатып, домбыраны дұрыс тартуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушы алдымен оң аяғын сол тізесінің үстіне қойып, орындыққа тік, еркін отырып жаттығуы қажет. Домбыраны ұстап отырған кезде екі иық төмен не жоғары

көтерілмей, бір деңгейде бос тұрғаны дұрыс. Домбыра аспабын тарту кезінде орындаушының бүкіл денесінің, қолдары мен саусақтарының дұрыс қалыптасып, оранласуын және оның аспапты ұстау тәсілдерін үйретеміз.

Шығармамен жұмыс істеп бастағаннан мұғалім оқушының көңілін шығарманың характеріне, темпіне, динамикалық-белгілеріне, штрихтеріне көңіл аударады [2].

Әдебиеттер:

1. https://vk.com/wall-89312592_1253
2. https://rcdo.kz/publ/5502-oushyny-obyzda-oynau-sheberlgn-damytu.html

Сарсенбаева Ш.А - 1403-42тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Байбатшаева.С.З –магистр аға оқытушы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҚАЗАҚ ҰЛТ АСПАПТАРЫН ҚОЛДАНУ

Музыка - жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Өнерді, оның ішінде, атап айтқанда музыканы мектепке “ендіру” процесі бірнеше бағыттар бойынша жүреді. Қоғамның барған сайын өсе түскен мәдени сұранысы мен талаптары, мектептің жаңа реформасының қабылдануы мектепте ұлттық өнерді, соның ішінде ұлттық музыка мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюдың және сол арқылы тәрбиеге нәтижелі ықпал етуге мүмкіндігін тудырады.

Музыка тілі - өнердің басқа салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыка айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы береді, осыған байланысты музыканы қабылдауды оқушылардың бойында қалыптастыру елеулі қиындықтар тудырып, жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Музыка өнерінің ерекшелігі – адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізіп алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Қазақстанда ұлттық музыка өнерінің дәстүрін зерттеп жалғастырушы композиторлар А.Жұбанов, М.Төлебаев, А.Затаевич, Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, т.б. Композиторлардың шығармаларындағы ұлттық музыка өнері адамның қиялына қанат бітіріп, ойлау қабілетін дамытады, туған елін, жерін сүюге, мәдениетін, әдебиетін, өнерін эстетикалық тұрғыда қабылдап сезіне білуге үйретеді, имандылық, ізеттілік, парасаттылық тәрізді қасиеттерге тәрбиелеп, рухани азығын молайтады.

Адамзаттың барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтар бойына сіңіріп, олардың қоғамдық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына эстетикалық

тәрбиенің маңызы зор. Эстетикалық тәрбиенің жас ұрпақтың өскен ортасын дұрыс таңдауы, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауы, жалпы адамгершілік қасиеттерін бойларына сіңіруіне музыка пәнінің де өз қосатын үлесі зор. Эстетикалық тәрбие құралдарының басты салаларының бірі - музыка. Музыка-сезім тілі. Музыак жеке тұлғаның ақыл-ой мен дене бітімін жетілдіреді, әрі жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, біліктілігі мен қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Музыка сабағының негізгі мақсаты шәкіртке ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту арқылы олардың санасына, сезімі мен ұшқыр қиялына игі әсер ету. Сонымен қатар музыка сабағында қазақ халқының көне заманнан мұра болып келе жатқан ұлттық аспаптарымен таныстыру. Қанша аспап жасаса да, олар бірінің үнін бірі қайталамаған. Осыдан келіп аспаптардың алуан түрі шыққан. Қазақ халық музыка аспаптарын жетілдіру 60 – 70 жылдарда ерекше қарқын ала бастады. Бұл аспаптардың шығу тарихы, қазіргі орны, пайдалануы туралы айтып, музыкалық шығармалар ойнап, көрсету музыка сабағында оқушыларға эстетикалық тәрбие мәселесінде өз үлесін қосады. Сөйтіп, бұрын белгісіз болып келген шертер, сазсырнай, жетіген, асатаяқ, нарқобыз, шаңқобыз, қос сырнай секілді аспаптар қайта тіріліп халық музыкасы санынан берік орын алады.Аспаптардың жетілуі, дамуы тек ғылыми лабораторияларда шешіле салмайды. Ол халық арасында , нақты шығарма ойнау, оқып үйрену үстінде айқындала түседі.

Аспаптардың құрылысы, жасалуы, оларда ойнау туралы сөз қозғамас бұрын, оларды сыр-сипатына, құрылыс-құрылымына қарай топ-топқа бөліп атап шыққан жөн. Өнертану ғылымының кандидаты Болат Сарыбаев өзінің «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген еңбегінде қазақ музыка аспаптарын былайша жіктейді:

Шертпелі аспаптар – адырна, жетіген,

Ыспалы аспаптар - қобыз, нарқобыз, сазген;

Үрмелі аспаптар – керней, үскірік, сыбызғы, даңғыра, шаңқобыз, уілдек.

Ұрмалы-сілкімелі аспаптар-дабыл, кепшік, даңғыра, асатаяқ, жыланбас, тоқылдақ, тұяқтас.

Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішініне, ою-өрнегіне, үніне қарай белгілі бір ұлттың өнерін паш еткен.Үрмелі және ұрмалы аспаптар ерте

заманда адамдардың бір-біріне дыбыс беру үшін немесе аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланғаны үшін еш дау туғызбаса керек.

Сырнай деп бірнеше музыкалық аспаптардың бірнеше түрін атаған. «сырнай»-«сыр» және «най» деген екі сөзден тұрады. «сыр « деген сөздің мағынасы бәрімізге белгілі: «сырласу», «сыр шерту», «най» деп түтік заттарды атаған. Үрлеп тартылған аспаптар жасалу материалына байланысты бөлінген.Үскірік аспабының үні майда, құлаққа жағымды. Ойнай білетін адам одан құйқылжыған сан алуан дыбыс шығаруға болады. Құстың сайрағанын, асау боран уілін, сәбидің жылаған дауысын, қасқыр, ит ұлығанын келтіру оңай, халық әндерін орындап, күй, би, әнді сүйемелдеуге де ыңғайлы.

Мүйізсырнай-қарамал мүйізінен жасалады. Үрмелі аспап. Мүйізді аспаптар оркестріне пайдаланады.

Сыбызғы-бұрынғы кезде қамыс, құрайдан жасаған. Сыбызғыда ойнау кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Дегенмен сыбызғыда ойнау қазіргі кезде жақсы дамуда.

Шаңқобыз-шаңқобыз аспаптық музыкамызда ерекше орын алады. Шаңқобызда көбінесе әйел адамдар ойнаған. Оның көлемі де күрделі емес, екі жақ ұшы сүйірленіп, ортасында жіңішке тілі бар лираға ұқсайды.

Асатаяқ-ежелден келе жатқан сілкімелі аспап. Бақсылар қарапайым халықты қарату үшін даңғыра, қыл қобыздармен қатар асатаяқты да пайдаланған. Бақсылық жойылғаннан кейін асатаяқ ұмытыла бастап еді. Бірақ ел арасындағы сауықшыл-өнерпаздар оның музыкалық сипатын дұрыс танып, қайта жаңғыртып өз өнерлеріне пайдаланды. Асатаяқ тек ән, күй әуеніне қосылып қоймай, би ырғағын да сүйемелдейді.

Қоңырау-ерекше аспап болып саналады. Күйші-домбырашылар домбыра шанағының ішіне іліп, күмбірлеген дыбысқа сыңғырлаған қоңырау үнін ұластырған. Қобызшы, шаңқобызшы қоңырау сазын күйге қосқан. Осының бәрінің негізінде қоңырау үнінің әсемдігі мен әсерлігі жатыр. Үні таза қоңыраулар арнайы музыкалық аспап ретінде жеке де пайдаланылады.

Тұяқтас-қазақ тұрмыс-салтында ежелден бар музыкалық аспап.Тұяқтас аспап ретінде бүгінгі өміріміздің берік орын алды.

Қазақ халқының фольклорлық аспаптары - қымбат мұра, асыл қазына. Оларды үйрету, қайта жаңғырту арқылы оқушы жастардың ұлттық санасын

қалыптастыруға зор мүмкіндік туады Қазақ халқының музыка аспаптары ғасырлар бойы келе жатқан мәдени мұра. Қазіргі кезде олардың 50-ден астам түрі белгілі. Әр аспаптың өзіне тән үні (әуенділігі мен саздылығы), орындаушылық дәстүрі бар. Көптеген музыка аспаптардың аттарын халқымыздың жыр-аңыздары мен дастандарынан, 15-19 ғасырдағы орыс және шетел саяхатшылары мен ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады. Ертеде музыка аспаптарын жасауға ағаш, қамыс, құрай, малдың терісі мен сүйегі, мүйізі мен қылы қолданылған. Музыка аспаптарын ерте кезден халыққа хабар бергенде, жорыққа ұран салғанда, саятшылықта, сондай-ақ ән-күйлер орындағанда, бақсылар сарынында пайдаланып отырды. Музыка аспаптары ішекті (2 және 3 ішекті домбыралар, қобыз, жетіген, шертер), үрлемелі (саз, қос, қамыс және мүйіз сырнайлар, сыбызғы, адырна, ұран, керней), шалып ойнайтын (шаңқобыз), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шыңдауыл, дабыл, асатаяқтың көптеген түрлері) болып бірнеше топқа бөлінеді.

Музыка сабақтарында оқушыларға эстетикалық тәрбие бере отырып, қазақтың ұлттық музыка аспаптарымен таныстыра отырып, музыка сабақтарында ұлттық аспаптар жасайтын шеберлер, шеберлердің еңбектері туралы айта кеткен жөн. Осы жерде ұлттық аспаптарды көрсете отырып, қазақ халқының әсемдікке құмар екенін, ұлттық қолөнер шеберлігі өте ерте дамыған, халқымыздың шеберлерінің еңбегін бағалай білгенін айта келіп, жалпы оқушылардың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға талпыныс жасап, шығармашылыққа баулу керек. Осы қазақтың ұлттық аспаптары арқылы тұрмыс-тіршілікте пайдаланатын бар құрал-жабдықтарын ою-өрнекпен әшекейлеп сұлулыққа, әсемдікке жаны құштар халық екенін білдірген.Осы музыкалық аспаптар арқылы оқушылар ұлттық аспап сазының әдемілігін сезіне отырып, сол аспапты үйренуге, ән салу шеберлігіне құштарлықтары артады. Осы тақырып негізінде 6-сыныпта Н.Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығына арналған ашық сабақ өткізілді. Бұл сабақта Н.Тілендиевтің өмірі, шығармашылығы жалпы қазақтың музыкалық аспаптары туралы танымдық сабақ болды. Музыкалық терминдер туралы түсінік беріліп, оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасады.Музыка сабағында қазақтың ұлттық аспаптарын оқушыларға таныстыра отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулу оқушы білімінің жақсы бір бастамасы болып табылады. Осы ұлттық аспаптар арқылы әсер алған оқушылар музыка және басқа да өнер әлеміне енудің

әсерлі белсенділігін көрсетеді және өз жастарына сай өзіндік қабылдау, музыкалық сауаттылықтарының артуы, эстетикалық өнеге мәселелерін өз жасына қарай шешу сияқты қасиеттерді музыка әрекеттерімен үйлестіруге себеп болады.

Музыка сабағында ұлттық аспаптарды таныстыра отырып оқыту мынадай нәтижеге жеткізеді:

Қазақ халқының рухани құндылықтарын және дәстүрлі көркем мәдениетін игереді;

Айналадағы болмысты және қазақтың халықтық өнерін музыкалы-эстетикалық және көркемдік бағалуды қалыптастырады;

Қазақ халқының дәстүрлі көркем тәжірибесін тақырыптық жағынан түйсініп, сезінеді;

Қазақтың халық өнеріндегі бейнелі көркем тілде білімін, білік және машығын қалыптастырады;

Тұлғаның көркем-шығармашылық белсенділіктері артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Музыка әлемінде» журналы. № 2, 2005 жыл
2. Б.Сарыбаев. «Қазақтың музыкалық аспаптары.
3. Қазақтың ұлттық аспаптары.

Адасова А.У.-1403-12, тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: -ө.ғ.к, аға оқытушы Джоламанова Г.Д.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫНДА МУЗЫКАЛЫҚ ЕСТУДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Музыкалық естуді педагогикалық аспектіде дамыту мәселесі мектеп оқушыларына музыкалық білім беру контекстінде қарастырылды. Оның дамуына Б.Асафиев, Н.Гродзенская, О.Иванчикова, Д.Кабалевский, Г.Падалка үлкен үлес қосты. Олардың еңбектерінде музыкалық іс-әрекеттің бір түрі ретіндегі «музыка тыңдау» мақсаттары белгіленіп, музыкалық қабылдау мен көркемдік қызығушылықты, эстетикалық талғамды, вокалдық-хор шеберлігін дамытудың кейбір принциптері мен әдістерін ашады. Алайда, бар зерттеулерге қарамастан, қазіргі заманғы қосымша білім беру мекемелерінде сольфеджио сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының музыкалық есту қабілетін дамытудың әдістемелік негіздері жеткілікті түрде зерттелмеген[2].

Тембрлік, динамикалық, ырғақты, ішкі, салыстырмалы, абсолютті, полифониялық және архитектуралық есту болып бөлінеді. Музыканың биіктігі, дыбыс деңгейі, түсі, ұзақтығы сияқты сапалық сипаттамалары бар. Дыбыс деңгейінің өзгеруіне адамның зейінінің шоғырлануымен байланысты, динамикалық есту оның көлемін анықтауға байланысты, ал тембрлік естудің көрсеткіші дыбыс түсін ажырата білу болып табылады. бір музыкалық аспаптың екіншісінен.

Музыканы қабылдау кезінде белгілі бір ұйымдасқан дыбыстардан тұратын әуезді желі мен оның гармоникалық сүйемелдеуін бөліп алуға болатыны анық. Бұл жағдайда адамның әуезді және гармоникалық есту қабілеті көрінеді.

Музыкалық материалды түсіну жеке адамның музыкалық-есту қабілетімен анықталатын сәулеттік естудің (бұл терминді алғаш рет Н.Римский-Корсаков енгізген) көрінісімен тікелей байланысты.

Музыкадағы дыбыс ырғағының қозғалысын анықтауға және шығарманың көркемдік бейнесін түсінуге мүмкіндік беретін дыбыстық есту ерекше рөл

атқарады. Музыкалық дыбыстың бір дауысты әуенге қатысты көрінісін мелодиялық деп атайды.

Музыкалық интонацияның ерекше қасиеттерінің бірі модальділік. Дәл модальды негізде интонацияның эмоционалды бояуы анықталады. Бұл тұжырымдар музыкатанушы Х.Кушнаревке жатады [3, б. 412-413]. Сол себепті сольфеджио сабақтарында, сондай-ақ вокалдық-хор іс-әрекеті барысында студенттердің музыкалық естуін тәрбиелеу мен дамытуда күйді оның барлық көріністерінде білу негізгі практикалық міндеттердің бірі болып табылады.

А.Готсдиенер «барлық формадағы толыққанды музыкалық іс-әрекет үшін дыбыстың биіктігі, тембрі және динамикалық есту қабілеті өте маңызды» деп өте орынды атап көрсетеді. Дегенмен, дыбыстың дыбыс деңгейін сезінуде дыбыс деңгейі жетекші рөл атқаратындықтан, дыбыстың дыбыс деңгейі басым болып табылады» [1, б. 45].

Музыкалық-есту ұғымдарының дамуының ең маңызды кезеңі Т.Беркманның пікірінше,

«олардың еріксіз пайда болуынан қажетті музыкалық-естулік бейнелерді ерікті түрде тудыру қабілетіне көшу. Сондықтан дыбыстарды қабылдау ғана жеткіліксіз: бізге бейнелеудің осы түрін міндетті түрде қажет ететін әрекет қажет» [1, б. 78].

С.Радченко музыкалық естудің объективті және субъективті жақтарын талдайды. Автор музыкалық естудің объективті және субъективті жақтары бір-бірімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. «Сыртқы объективті музыкалық есту тондық, әуендік, интонациялық), гармониялық, полифониялық, тембрлік, динамикалықтан тұрады. Ішкі субъективті есту – бұл есту бейнелеуі, музыканы іштей есту және жаңғырту қабілеті» [5, б. 176].

Ішкі аудиторлық өкілдіктердің екі формасы бар: ішкі репродуктивті және сыртқы. Ішкі репродукция ерікті түрде де, еріксіз де пайда болатын ішкі есту немесе ішкі ән ретінде көрінеді. Ішкі идеялар (ішкі есту) есту арқылы қабылдауға (сыртқы есту) негізделген, музыкалық жадымен көптеген қасиеттерімен астасып жатыр және мидың шартты және шартсыз рефлекторлық әрекетінің арқасында өмір сүреді. Мұның бәрі музыкалық естудің күрделі иерархиялық құрылымы бар функционалды көп компонентті жүйе екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, музыкалық естуді адамның музыканы біртұтас көркем құбылыс ретінде эмоционалды түрде қабылдау және сонымен бірге оның жеке компоненттерін: дыбыстардың биіктігін, ырғағын, тембрін және динамикалық реңктерін ажырата білу қабілетін қарастыруға болады. Музыкалық естудің даму дәрежесі мен бағытына қарай оның бірнеше қасиеттерін ажыратады: салыстырмалы, абсолютті, ішкі, интонациялық және тембрлік есту. Салыстырмалы есту – берілген дыбысты басқа дыбыспен салыстыру арқылы дыбыстардың биіктігін анықтау, сонымен қатар

берілген кілтте естуді «баптау»; абсолютті биіктік мұндай салыстыруды қажет етпейді: дыбыстың биіктігі тікелей танылады. Салыстырмалы есту қабілетін дамытуға болады және жеткілікті табиғи сезімталдық пен табандылықпен музыкант оны абсолютті түрге айналдыра алады.

Сольфеж және хормен ән айту дағдыларын меңгеру процесінде әуенді іштей «мыңдау» және музыканы ойша елестету қабілетінің маңызы зор. Ішкі есту деп аталатын бұл қабілет оқушының ән айтуды үйренудің алғашқы қадамдарынан-ақ оның көркемдік ой-өрісін, музыкалық қиялын арттыру, сольфедж жаттығулары және басқа әдістер арқылы дамыту керек.

Есту қабылдау аймақтары музыкалық естудің даму дәрежесіне байланысты өзгереді: есту қабілеті жоғары музыканттардың есту қабілеті нашар адамдарға қарағанда дыбыс қасиеттерін қабылдау аймақтары әдетте әлдеқайда тар болады. Модальды сезімнің ең қарапайым және индикативті көріністерінің бірі - әуенді тоникалық (тоникалық сезім) бойынша аяқтау тенденциясы, сондай-ақ тұрақсыз дыбыстардың кез келгеніне аяқталған әуенді аяқталмаған деп қабылдау. Терең мағынада модальдық мағына әуеннің барлық дыбыстарының тоникке және күйдің басқа тұрақты дыбыстарына қатынасында қабылдануынан көрінеді.

Е.Назайкинский интервалдық бейнелер туралы айтып, оларды нақты музыкалық интервалды дәл бағалау немесе ойша елестету, атын, сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау қабілеті ретінде анықтайды [4, б. 27].

Музыкалық интервал бірқатар қасиеттерге ие, олардың ішінде дыбыс биіктігінің қозғалысының бағыты, интонациялық шиеленіс, шама, сондай-ақ модальды және дыбыстық сипаттамалар (фонизм) бар. Егер шама мен күйдің белгілері барлық интервалдарға тән болса, онда тондық қозғалыс пен

интонациялық шиеленістің бағыттылық қасиеттері негізінен әуендік интервалдарға тән, ал фонизм әсіресе гармониялық интервалдарға тән. Интервалдар сезімі дамуының әрбір кезеңі әуезді қозғалыстың қабылданатын жақтарының өзіндік ерекше қатынасымен сипатталады. Бастапқы кезеңде тембрлік-дыбыстық өзгеріс (музыкалық естудің тембр-жоғары компонентінің көрінісі) ретінде есту дыбысының биіктігінің қозғалысы басым болады. Мұндай қабылдау әлі қатаң музыкалық емес, бірақ музыкалық интонациялық естудің кейінгі қалыптасуы үшін өте маңызды.

Интервалдар сезімі дамуының келесі кезеңі әуезді қозғалысты тік-биіктік қабылдаудың алдыңғы орынға шығуымен және күшеюімен сипатталады. Бұл қабылдау негізінен ән мен дауысты интонацияға сүйенген кезде пайда болады. Көмейдегі дыбыс локализациясының бейсаналық сезімдері дыбыстардың тік шкала бойынша биіктікте қозғалысы сияқты әсер қалдыру үшін жеткілікті. Жаттығу процесінде мұндай әсерлер барған сайын берік болады, нәтижесінде дыбыс биіктігінің тембрлік-томдық естуі вокалды- дыбыстық естуге ауысады. Интервал дыбыстарының модальдық мағыналарын және оның шамасын белсенді түрде сіңірудің бірден-бір жолы – ән мен әуезді интонация.

Мектеп оқушыларының музыкалық естуін дамытуға бағытталған шетелдік музыка мұғалімдерінің бірнеше музыкалық білім беру жүйелерін қарастырайық.

Болгариялық аудиториялық білім беру жүйесін болгар мектебінің мұғалімі Б.Трихков жасаған және ол алғаш рет 1923 жылы «Бағаналық әдіс» атты еңбегінде көрсетілген [6, б. 85]. Болгариялық жүйе бойынша білім беру негізгі және кіші шкалаларды берік меңгеруге негізделген, одан кейін жеке қадамдар анықталады, оларды студенттер дәйекті түрде меңгереді. Бұл жүйенің негізгі принциптерінің бірі студенттердің жазылған дыбыстарды ауыстырмай, әрқашан жоғарыда айтуы болып табылады. Тағы бір нұсқау жаңа дыбыстық қарым-қатынастарды меңгеру тәртібіне қатысты: сольфеж ноталары кезінде кез келген жаңа тапсырманы енгізбес бұрын, студенттер оны бағанада ән айту арқылы берік меңгереді.

Үдемелі қозғалысты меңгергеннен кейін секіруді меңгеру бойынша арнайы жұмыстар жүргізіледі. Алдымен оқушылар кез келген дыбыстан тұрақты дыбысқа, содан кейін әрбір тұрақсыз деңгейге секіруді үйренеді. Болгар жүйесінің маңызды артықшылығы – таразыларды жүйелі түрде айту және әр

қадамды жеке меңгеру негізінде оқушылардың күй сезімін мақсатты түрде тәрбиелеп, музыкалық естудің дәлдігін арттыруға көмектеседі. Күйдің дәрежелерін арнайы атаулармен – буындармен байланыстыру сияқты күй сезімін дамытудың қуатты құралы болмағанымен, ол венгр жүйесінен айырмашылығы, студенттерді оқудың соңғы мақсаттарына тікелей жетелейді және одан әрі меңгеруді қажет етпейді. Болгариялық жүйенің артықшылығымен қатар, бұл айтылғандардан басқа, оның мұқият дамуы мен жүйелілігінен тұрады, оның белгілі бір кемшіліктері де бар. Бұл жүйені қолдану арқылы оқыту толық октавалық шкаланы бірден меңгеруден басталады.

«Эхоға» еліктеу – импровизацияның ең маңызды қадамы. Жаттығулар бір метрлік ырғақты қозғалыста орындалады және балаларда метр мен қарқынның тұрақтылығының ішкі сезімін - кез келген музыканы шығаруға қажетті дағдыны тиімді дамытады. «Жаңғырық» - жаңа материалды көрсетудің және онымен жұмыс істеудің ең қолайлы түрлерінің бірі. Мұнда мұғалімнің оқушылардың дамуын, олардың білімді меңгеру дәрежесін: берілген үлгіні дәл қайталай алуын және өздері ойында көшбасшы бола алатындығын бақылауға мүмкіндігі бар.

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үшін оқушылардың есту қабілетіндегі кейбір кемшіліктер мен ақауларды жоюға көмектесетін сольфеджио жаттығуларын таңдау қажет.

Жұмысқа арналған жаттығуларды үш үлкен топқа бөлуге болады.

Бірінші топта жеке дыбыстар мен дыбыс биіктігінің қатынасына із рефлекстерін дамытуға арналған жаттығулар кіреді. Екінші топ музыкалық элементтерді үйлестірудің есту көріністерін дамытуға арналған. Жаттығулардың үшінші тобы ойлар аясын дамытуға бағытталған. Жаттығулар сольфеджио сабақтарында қабылданған тапсырмалардың барлық түрлерін қамтиды: диктант, көзбен оқу, ән айту, қадамдар мен интервалдарды құру және интонациялау, оларды есту арқылы талдау. Сонымен қатар, ішкі есту және ішкі ән айту дағдыларын дамыту үшін арнайы жаттығуларды қолданған жөн.

Сонымен, балалар музыка мектептеріндегі сольфеджио сабақтарында кіші мектеп оқушыларының музыкалық естуін дамыту – мектеп оқушыларының белсенді музыкалық-шығармашылық іс-әрекетімен педагогикалық менеджменттің өзара әрекеті жүзеге асырылатын, мектеп оқушыларының міндеттерін шешуге негізделген мақсатты психологиялық-педагогикалық процесс. қабылдау, ән айту, мазмұны мен күрделілік дәрежесі бойынша әр түрлі

Сольфег және музыкалық материалды оқушылардың жас және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып талдау; репродуктивті тапсырмалардан шығармашылық тапсырмаларға дәйекті көшу. Музыкалық шығарманың пішіні мен мазмұны арасындағы байланыс диалектикасына ену белгілі бір тұлға үшін тұлғалық мәнді жаңа көркемдік мағына туғызып, музыкалық естудің дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Воспитание музыкального слуха: методическое пособие. – Вып. 2 / сост. А. Агажанов. – М.: Музыка, 1985. – 120 с.
2. Гейнрихс И. Музыкальный слух и его развитие / И. Гейнрихс. – М.: Музыка, 1978. – 345 с.
